# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

17.05.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№18 (8132)



KÚN TÁRTIBI
ЖЕҢІС ЖАЛАУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН
3-бет

QOǴAM
ЖАҢА МІНДЕТТЕРДІ АЙҚЫНДАДЫ
4-бет

KELBET
ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ ҮЛГІСІ
5-бет

RESMI
«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ және БАҚ» КОНКУРСЫ
6-бет


# ӘДІЛДІК ЖОЛЫ ӨРЛЕУГЕ БАСТАЙДЫ

**Жезқазған қаласына «Nur Otan» партиясы атынан ҚР Президенттігіне кандидат ретінде ұсынылған Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау жөніндегі республикалық штаб өкілдері келді.**

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясының Мәжілістегі фракциясы жетекшісінің орынбасары Нұртай Сабильянов, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Берік Әбдіғалиұлы, «Жарасым» Жастар ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Тимур Жұмырбаев бастаған, құрамында Қарағанды облыстық штабының мүшелері Актоғай ауданы, Шашубай кентіндегі «Кешен мектеп-бала бақша» базасындағы тіректі мектептің директоры, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Айман Түкбаева, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, меценат Бекзат Алтынбеков, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің ректоры Бақыт Жәутіков, «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалының Қарағанды аймағы бойынша өкілі Алпысбай Тайгөков бар топ мыс зауыты, «Ютария» өндірістік-инновациялық компаниясында болып еңбеккерлермен жүздесті. Сондай-ақ, С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрда сайлаушылармен кездесті.

Республикалық қоғамдық штаб өкілдері алдымен мыс зауытында болып, металлургтерге кандидат Қ. Тоқаевтың сайлауалды тұғырнамасын таныстырды. Республикалық штаб өкілдерін бастап жүрген «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Басқару кеңесінің бас директоры, Қ. Тоқаевты қолдау жөніндегі Жезқазған қалалық қоғамдық штабының жетекшісі Бақтияр Қырықпышев кандидат Қ.Тоқаевтың үгіт-насихат жұмысы Жезқазған мыс зауытынан басталуының өте орынды екенін атап өтті.

– Жезқазған – мысымен әлемге танымал қала. «Қазақмыс» корпорациясы өндірістен бөлек көптеген ірі жобаларға, іс-шараларға мұрындық болып келеді. Елбасымыз аймағымызға, өндіріс ошақтарына ерекше қамқорлық танытып келе жатқанын да білеміз. Жезқазғанға жұмыс сапары барысында үнемі зауытқа атбасын тіреп, металлургтердің жағдайымен, жұмыс барысымен танысып, металлургтердің ел дамуына қосатын үлесіне жоғары бағасын беріп келеді, – деді Бақтияр Әбдірахманұлы.

►►3-бетте



**Қаламызда Дүниежүзілік және республикалық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменовтың жүлдесіне арналған тоғызқұмалақтан жасөспірімдер және қыздар арасындағы республикалық турнирі өз мәресіне жетті.**



# ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ – ЖҮЛДЕГЕР

Жазушы Мұхтар Әуезов: «...Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған»,– деп тегін айтпаса керек. Қазақтың ұлттық ойындары, оның ішінде тоғызқұмалақ өжеттілікті, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты сонымен қатар байсалдылықты, мінез-құлықтың ерекшеліктерімен бірге күш-қуат молдылығын қажет етеді. Себебі, ойынға қатысу үшін, алдымен оған адамның тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениетінің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері.

Еліміздің бес облысының командалары қатысқан турнирдің жабылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова сөз алып, жарысқа қатысушыларды құттықтады. Бүгінде қала мектептерінде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, олардың жанжақты дамуына септесетін «Intellectum» және «Роботоехника» кабинеттері ашылып жатқандығы белгілі. Зина Жұманазарқызы өз сөзінде осы игі бастамаларды да тілге тиек етті. Сөз соңында қала әкімінің орынбасары Дүниежүзілік және республикалық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменовке тоғызқұмалақ ойынының дамуына қосып жүрген үлесі үшін қала әкімінің Алғыс хатын табыстап, қазақтың игі дәстүрі бойынша иығына шапан жапты.

Жарыс қатысушылары алдында сөз алған Әлихан Мұхамедияұлы:

–Тоғызқұмалақ – қазақты әлемдік мәдениет деңгейіне жеткізген ұлттық ойынымыз. Бүгінде бұл интеллектуалдық ойынға басқа да мемлекеттердің қызығушылығы артып, қазақты әлем танып жатыр. Жарысқа қатысушыларды жеңіспен құттықтаймын. Бұл ойында жеңгендер бар, бірақ жеңілгендер болмайды,- деді. Жарыс ұйымдастырушылары мен төрешілеріне алғыс білдіріп, естелік сыйлықтар тарту етті.

Жарыста қатарластарына қолдау көрсетіп келген Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің оқушысы Ақниет Ергазина Әлихан Байменовке, тоғызқұмалақ ойынына арнап шығарған өлеңін оқыды.

7-10 мамыр аралығында өткен жарысқа жезқазғандық оқушылар да қатысып, бақтарын сынады. Турнирдің қорытындысы бойынша, командалық есепте 2003-2004 жылдары туған ойыншылар арасында Жезқазған қаласы III орынды иеленді. Жекелей есепте 2003-2004 жылдары туған ұлдар арасында жүлделі I орынды Элдияр Далиев, II орынды Әлихан Мұратов, III орынды Әли Исабеков иеленді. Ал 2003-2004 жылдары туған қыздар арасында Аружан Салман қарсыластарынан озып шығып, жеңімпаз атанды, Диана Абай II орынды қанжыласа, Аяжан Егінбай III орынға тұрақтады. 2005 және одан кіші жылы туған ұлдар арасында Ернұрсұлтан Боранбай үздік нәтиже көрсетті, Салахаддин Агитаев болса II орынды, Ерасыл Құдайбергенов жүлделі III орынға ие болды. 2005 және одан кіші жылы туған қыздар арасында Әсел Сейітбекова жеңіс тұғырына көтерілді, II орынды Сымбат Борандай иеленсе, Аяулым Абилмашқа III орын бұйырды. Барлық жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, медаль және дипломдармен марапатталды.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

**Жезқазған қалалық мәслихаты ұйымдастырған Ашық есік күніне қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев пен «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова қатысты. Тұрғындардың қордаланып қалған сұрақтарына жауап беріп, өтініштеріне құлақ асуды мақсат еткен жиын елімізде мәслихаттардың құрылғанына 25 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр.**



Сұрақ-жауап форматында өрбіген кездесудің күн тәртібі бойынша Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Советбек Медебаевтың есебі тыңдалды. Ол өз баяндамасына 2018 жылы атқарылған жұмыстарды арқау етті.

– Мәслихат қызметінің негізгі нысаны – сессия. Қалалық мәслихатта 2018 жыл мен осы кезеңге дейін 19 сессия өткізілді,оның 13-і – кезектен тыс. Мәслихаттың сессияларында барлығы 120 мәселе қаралды. Олардың дені қалалық бюджеттің орындалысына, қалалық коммуналдық нысандарға жүргізілген жөндеу жұмыстарының барысы мен жылу беру және жасыл желектерді суару маусымына қатысты, – деді мәслихат хатшысы. Өз баяндамасында ол көпшілік жиі айтатын қалалық мәслихат депутаттары қоғамдық мәселелерден алшақ, қол қусырып отырады деген пікірді жоққа шығарды.

Расында, жергілікті мәслихат депутаттары қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, түйткілді мәселелерді шешуге араласады. Халық қалаулылары бірнеше мәрте қала мектептерін аралап, ондағы асханалардың жағдайын, қоғамдық көліктегі қызмет сапасын және «Жастар» саябағындағы жөндеу жұмыстардың барысын қадағалағаны есімізде. Сондай-ақ, қалалық мәслихат депутаттары облыстық мәслихаттың қарауына денсаулық сақтау саласына, тегін кәсіптік білім беру мен автомобиль жолдарына қатысты өз ұсыныстарын жолдаған. Қала тұрғындарын мазалаған әлеуметтік мәселелер де назардан тыс қалмаған екен. Мәслихат депутаттары жұмысқа орналастыру, тұрғын үй кезегіне тіркелу, жылу беру, жолды жөндеу, материалдық көмек көрсету, Кеңгір жағалауын тазарту жөнінде депутаттық сауал дайындаған. Әрі олардың өз деңгейінше шешілуіне барынша үлес қосқан.

– Депутаттық корпус заң және өз өкілеттігі шеңберінде мүмкіндігіне қарай тұрғындардан көмегін аямайды, – деп баяндамасын қорытындылаған Советбек Медебаев сұрақтарға кезек берді.

Ашық есік күнінің алғашқы сұрағын қала ақсақалы Шәмшібек Ықыласов жолдады. Естеріңізге сала кетсек, Шәмшібек ата ақсақалдардан құралған белсенді топты бастап, қаладағы өзекті мәселелерді жиі көтеріп жүр. Көпті толғандырған ауыз судың сапасы мен жарық дауын тілге тиек еткен ақсақал қоғамдық көліктің де мәселесін айналып өтпеді. Қоғамдық көліктегі жол-пұл қымбаттағанмен, қызмет көрсету сапасы жақсармағанына налыған Шәмшібек Ықыласов басы даудан арылмаған №1 бағыттағы автобустың мәселесін шешіп беруді сұрады. Ақсақалдың айтуынша, соңғы жылдары тасымалдаушылары жиі ауысқан осы маршрутта қызмет көрсетуші кәсіпкердің бүгінде екі-ақ автобусы бар көрінеді. Әрине, бұл жағдай тұрғындардың діттеген мекенжайына уақытылы жетуіне кедергі келтіреді.

– Аталған мәселе біздің назарымызда. Жыл басынан №1 бағыттағы автобус тасымалдаушысын анықтау мақсатында конкурс өткізілді. Дегенмен, қатысушылар жоқ. Қазіргі таңда келісім бойынша қоғамдық көлік жүріп тұр. Мемлекеттен кәсіпкерге субсидия да төленеді. Бірақ, түскен табыс кәсіпкерге автобустар санын көбейтуге мүмкіндік бермей тұр, – деп жағдайды түсіндірді қала әкімінің орынбасары Нұржан Серікұлы.

Келесі болып сөз алған қала тұрғыны Жанұзақ Кенбаев та бірқатар мәселелерді көтерді. Жаңа балабақша мен бірнеше үйдің құрылысы аяқсыз қалғанына алаңдаған ақсақал қаланы абаттандыру мен көгалдандыруға да тиісті деңгейде көңіл бөлінбейтінін жеткізді. Қалалық мәслихат депутаттары бұндай мәселенің шынымен барын жасырмады. Дегенмен, жауапты мамандар мен мекемелерге бірнеше мәрте ескерту жасап, хат жолдағанмен жағдайдың оңалар түрі жоқ. Ақсақал Б.Момышұлы атындағы көшеде орналасқан қос мектептің маңайындағы тұрғындардың демалыс орнына тастөсеме салуға өтініш білдірді.

-Аталған демалыс орнында қоғамдық тәртіпті кешқұрым тәртіп сақшылары ара-тұра бақылайтын болса, бейберекет шашылған қоқыстан арылатын едік, – деген қалалық мәслихаттың депутаты Әбдірахман Досанов көшені батыр атына сай ету жолында күш жұмылдыру қажеттігін алға тартты. Сондай-ақ, көше басына Бауыржан Момышұлының ескерткішін қоймаса да, ескерткіш тақта орнату ұсынысы жиналғандардың қолдауына ие болды.

Бекболатсай елді мекенінің тұрғындары жазғытұрым судан таршылық көріп, бау-бақшалықпен айналыса алмайды деп дабыл қаққандардың да мәселесі жақын күндері оң шешімін таппақ. Шілдеден бастап ескек есу базасы жанынан жаңа сорғыш стансасы іске қосылмақ. Ол өз кезегінде Бекболатсай мен Қостангелді елді-мекендерін, 7,8-шағын аудандар мен 91-94-орамдарды жеткілікті сумен қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Жезқазғандықтардың мұң-мұқтажын назарға алған қалалық мәслихат депутаттары алдағы күндері де тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста өңірдің гүлденуі жолында еңбек ететінін жеткізді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ИГІ БАСТАМА

# ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

**Іскер әйелдер қауымдастығының Жезқазғандағы өкілдігі орталық аурухана ауласына көшеттер отырғызды.**

Қаламыздағы перинаталдық орталық жыл соңына дейін орталық аурухана ғимаратына көшіріледі. Сол себептен Іскер әйелдер қауымдастығы Дүниежүзілік отбасы күні қарсаңында аурухана ауласында «Ана мен бала» аллеясын ашуды жөн көріпті. Іскер әйелдер қауымдастығының Жезқазған өкілдігінің төрайымы Айман Исина мен «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова бұл үрдісті балалы болған ата-аналар жалғастырса деген тілектерін жеткізді. Шынымен, дүниеге жаңадан бала келгенде ағаш отырғызылса қандай керемет болар еді.

15 дана қайың ағашын отырғызуға жиналғандардың қатарында «Nur Otan» партиясының, «Jas Otan» жастар қанатының белсенділері де бар. Олар жер қазып, талдарды отырғызып, суарды. Қайың ағашының таңдалып алғаны да бекер емес екен. Бүгін отырғызылған көшеттер ертең берекелі отбасының символы ретінде жайқалған қайындарға айналатынына сенім бар. Талдарды суарып, баптау аурухана қызметкерлеріне жүктеледі. Ұйымдастырушылардың айтуынша, игі дәстүр жыл сайын жалғасын тауып, алаңқайды үлкен саябаққа айналдыру жоспарда бар.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**





SARYARQA-АҚПАРАТ

## ХАЛЫҚ САНЫ 18,44 МЛН АДАМҒА ЖЕТТІ

**2019 жылдың 1 сәуірінде Қазақстан халқының саны 18 млн 448,6 мың адамға жетіп, өткен жылдың 1 сәуіріне қарағанда 238,8 мың адамға немесе 1,3 пайызға артты.**



ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің дерегінше, қала тұрғындарының саны 10 млн 734,2 мың адамды немесе жалпы халық санының 58,2 пайызын, ал ауыл тұрғындары 7 млн 714,47 мың адамды немесе 41,8 пайызды құрайды.

Қаңтар-наурызда республикада 1 жасқа толмаған 856 сәбидің шетінеуі тіркелген. 2018 жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырғанда 1 жасқа дейінгі сәбилердің өлім-жітімі 4,4 пайызға артып отыр. 2019 жылдың қаңтар-наурызында сәби өлімінің коэффициенті дүниеге келген 1000 балаға шаққанда 9,31 оқиға болды.

Сәби өлім-жітімінің негізгі себебі перинаталдық кезеңде пайда болған жағдай саналады. Оның салдарынан қаңтарда 447 бала шетінеді. Туа біткен ауытқудан 164, тыныс алу мүшелері ауруынан 72, төтенше жағдайлардан 24 бала көз жұмды.

Осы жылдың қаңтар-наурызында өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, Қазақстанға келушілердің саны 8,4 пайызға азайып, кетушілердің саны 22 пайызға артты. Негізгі миграциялық алмасулар ТМД елдеріне тиесілі. ТМД елдерінен келгендердің үлесі 84,5 пайызды және аталған мемлекеттерге кеткендер саны 89,1 пайыз болды.

Ел аумағынан тысқары кеткен мигранттар саны 14,1 пайызға артты. Өңіраралық қоныс аударуда көші-қонның оң сальдосы Маңғыстау облысында (369 адам) және Нұр-сұлтан (6 089) мен Алматы (6 559) қалаларында тіркелген.

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСІМІ 4 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАДЫ

**ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы қаңтар–сәуір айларындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен республикалық бюджеттің орындалу қорытындылары қаралды.**

ҚР Үкіметінің басшысы Ұлттық банк төрағасының, ұлттық экономика, қаржы, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлерінің, өңір әкімдерінің баяндамаларын тыңдағаннан кейін, экономика өсімінің оң қарқыны сақталғанын атап өтті.

Жалпы ішкі өнім өсімі биылғы қаңтар-сәуір айларында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ды құрады. Құрылыс 8,4%-ға, сауда-саттық 7,3%-ға, көлік саласы 4,8%-ға, машина жасау 19,8%-ға, оның ішінде автомобиль өнеркәсібі 45,8%-ға, металл кендерін өндіру 14%-ға, мұнай өңдеу 9,1%-ға және жеңіл өнеркәсіп 27,4%-ға өсіп, экономиканың негізгі драйверлеріне айналды.

– Осы қарқынды сақтап қана қоймай, экономиканы одан әрі дамыту бойынша шараларды да қабылдау қажет, – деп тапсырды ҚР Премьер-Министрі.

Негізгі базалық көрсеткіштер бойынша экономика өсіміне Шығыс Қазақстан, Қостанай, Түркістан, Павлодар, Атырау облыстарында қол жеткізілген. Өз кезегінде, Маңғыстау, Ақмола облыстарының және Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне ҚР Үкіметінің басшысы құрылыс, инвестициялар, өнеркәсіп және тұрғыс үйді пайдалануға беру көлемдерін арттыру жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

– Төмендеуге жол берілген өңірлердің әкімдіктері жоспарлы көрсеткіштерге шығуы қажет, ал көш бастап тұрған өңірлер қолда бар қарқынды төмендетпеуі керек, – деді Асқар Мамин.

Осы жылдың төрт айының қорытындысы бойынша республикалық бюджетке кірістер – 2,1 трлн теңгені, өсім қарқыны 119,4%-ды, республикалық бюджетті игеру 98,3%-ды құрады.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР КӨЛІК АЛУДАН РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ

**Қазақстандықтар өткен сәуір айында 52 млрд теңгеге 5,5 мың автокөлік сатып алып, көлік саудасы жағынан 2016 жылдан бергі рекордты жаңартты.**

– Қазақстан экономикасының өсім қарқыны 4 пайыздық деңгейді сақтауда. Валюта бағамы тұрақты. Осы факторлардың арқасында 2016 жылдан бері жаңармаған рекордтың сеңі бұзылып, бір айдың ішінде 52 млрд теңгеге 5,5 мың автокөлік сатып алынды. Сатылып алынған көліктердің 58,6 пайызы отандық өндіріске тиесілі. Жеңілдетілген автонесие бойынша мемлекеттік бағдарламаның арқасында бәлкім бұл рекордтық көрсеткіш қайтадан мамыр айында жаңаратын секілді, – дейді «Қазавтоөндіріс» автокөлік саласындағы кәсіпорындар одағының директорлар кеңесінің төрағасы Олег Алферов.

Осы жылдың қаңтар-сәуір айларында еліміздегі ресми диллерлер 18 838 көлік сатып, өткен жылдың тиісті мерзіміне қарағанда 20,5 пайыздық өсімге қол жеткізген. Есеп беріліп отырған кезеңде ел тұрғындары темір тұлпар міну үшін 172,8 млрд теңге ($456,7 млн) жұмсапты (2018 жылдың тиісті көрсеткішінен 41,3 пайызға артық).

– Осы аралықта 10 449 сатып алушы қазақстандық автозауыттан шыққан көліктерді таңдаған. Ал 8 389 көлік импортқа тиесілі. Сонымен бірге, сәуір айында қазақстандық автоөндіріс нарықтың 58,6 пайыздық үлесіне ие болып, рекорд көрсетті, – дейді Олег Алферов.

2019 жылдың 4 айының қорытындысы бойынша қазақстандықтардың сұранысына ие көлік брендтерінің төрттігін Lada бастап тұр. 4 айда аталмыш маркамен 4 743 көлік саудаланған. Toyota модельді сатылған көліктердің саны 4 115. Үшінші позиция 3 450 данасы сатылған Hyundai маркасының еншісінде. Үздік бестік KIA (1 259) мен GAZ (682) түйіндейді.

Ал TOP-10 көшіне сонымен бірге Renault (643), Nissan (611), UAZ (546), Lexus (496) және Volkswagen (480) енген.

## ЕЛОРДАДА «АНА МЕН БАЛА» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

**Елордадағы №2 қалалық балалар ауруханасының аумағына ағаш егілді. Бұл шара Халықаралық отбасы күніне арнап өткізілген акция аясында ұйымдастырылды.**

Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің және қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен «Ана мен бала» аллеясы республикалық акциясын ұйымдастырды. Акция аясында №2 қалалық балалар ауруханасының аумағына 180-ге жуық ағаш отырғызылды.

– Он жылдан бері Қазақстанның әр қаласында осындай шара өткізіп келе жатырмыз. Осы уақытқа дейін Қазақстан бойынша 7 мыңнан астам ағаш отырғыздық. Бұл акция да қазіргі уақытта Қазақстан бойынша өтіп жатыр. Қасиетті Рамазан айында №2 қалалық балалар ауруханасының маңына ағаш отырғызып, аналары мен балалары серуендеп жүруіне мүмкіндік жасау игі іс деп ойлаймын. Еліміз гүлдене берсін, балаларымыз аман болсын және отбасымыз берік болып, аналарымыз бақытты болсын! Қолдау көрсеткендері үшін қалалық әкімдікке зор алғыс айтамын, – дейді Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсембаева.

«Ана мен бала» аллеялар мен саябақтар акциясын өткізу аясында аймақтарда 20-дан астам жаңа «Ана мен бала» аллеялары мен саябақтары құрылды. 7 мыңнан астам ағаш отырғызылып, 10 мыңға жуық гүл егілді.

ОБЛЫС ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ВИРТУАЛДЫ ҚАБЫЛДАУ – КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

**Қарағандылықтар тәуліктің кез-келген уақытында интерактивті режимде аймақ басшысына ұсыныстары мен шағымдарын айта алады. Бұдан былай «Туиттер» әлеуметтік желісіндегі облыс әкімінің ресми парақшасымен қатар, Қарағанды облысы әкімдігінің ресми сайтында «Виртуалды қабылдау» жұмыс істейді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.**

«Қарағанды облысының аумағында 1 миллион 400 мың адам өмір сүреді. Олардың көпшілігінде кейде жергілікті билік органдарына жүгінетін проблемалар туындайды. Алайда, әр түрлі себептермен облыс басшылығының жеке қабылдауына кіруге мүмкіндігі жоқ», — деп жазды Ерлан Қошанов сайтқа келушілерге арнаған үндеуінде.

Облыс әкімі Виртуалды қабылдау аса өткір мәселелерді жедел шешуге және оларды дереу анықтауға көмектеседі деп атап өтті. Кері байланыстың жаңа форматы жергілікті атқарушы органдар жұмысының мониторингіне айналады. Ешбір өтініш қараусыз қалмайды, деп сендірді аймақ басшысы.

Естеріңізге сала кетейік, Қарағанды облысында жергілікті шенеуніктер халықпен интернет арқылы сөйлесуі бұрыннан қалыптасқан. Барлық қалалар мен аудандардың әкімдері әлеуметтік желілерде өздерінің ресми парақшаларын ашты.

Бұдан басқа, азаматтардың ескертулері мен ұсыныстарына жедел ден қою үшін Қарағандыда арнайы жаңа жоба енгізілуде. Жақын арада бірыңғай үйлестіру орталығы ашылады. 112 телефон нөмірі бойынша тұрғындар өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция шұғыл қызметтерімен хабарласа алады. Ал 109 нөмірі бойынша қалалық ортаның ТКШ, көріктендіру және т. б. мәселелерге қатысты өтініштер, шағымдар мен ұсыныстары қабылданады.

Тұрғындардың ыңғайлылығы үшін Қарағанды әкімдігінде қазіргі уақытта Open Karaganda жобасы жүзеге асырылуда. Мұнда бірыңғай терезе қағидаты бойынша Ашық қызмет көрсету енгізілетін болады, бұл мемлекеттік қызметтерді алу үшін кедергілерді азайтады. Open Karaganda залы қала әкімдігінің ғимаратында орналасады. Осындай фронт-кеңселер Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында ашылуда.




# КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ

**Қарағанды облысында бірқатар кадрлық ауыс-түйістер орын алды. Бұл туралы аймақ басшысы Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде мәлім болды.**

Облыс әкімінің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі көмекшісі лауазымына 45 жастағы полковник Қанат Әбілханов тағайындалды. Бұған дейін ол Қарағанды облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары қызметін атқарған. Екі жоғары білімі бар: «инженер-механик» және «заңгер» мамандықтары бойынша. Қарағанды политехникалық институтын және Қарағанды өзекті білім беру институтын бітірген. Еңбек жолы әскери қызметпен тікелей байланысты. Саран, Қарағанды, Шахтинск, Жезқазған қалалары және Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерінде басшылық лауазымдарда жұмыс істеді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысы қызметіне Ербол Сырғабеков тағайындалды. Бұған дейін ол Түркістан облысындағы инспекцияны басқарды. Бұрын осы салада және республиканың басқа өңірлерінде кеден қызметінде жұмыс істеген.

Қаржы министрінің бұйрығымен Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы болып Қайрат Орқашбаев тағайындалды. Ол осы құрылымда басшының орынбасары болып еңбек етті. Қостанай облысының салық қызметінде және Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің бақылау департаментінде жұмыс істеді.

Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің «Орталыққазжерқойнауы» Орталық Қазақстан өңіраралық геология және жер қойнауын пайдалану департаментінің басшысы болып Нұрлан Мауқұлов тағайындалды. Ол осы департаментте басшының орынбасары болып жұмыс істеді. Бұрын облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармаларында әртүрлі лауазымдарда еңбек еткен.

Қорғаныс министрінің бұйрығымен Қарағанды облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы лауазымына подполковник Жанас Құнанбаев тағайындалды. Бұған дейін ол осы департаментте бастықтың бірінші орынбасары болып жұмыс істеді. Әскери қызметте 2003 жылғы тамыздан бастап (келісімшарт бойынша) қызмет атқарып келеді. Бұқар жырау, Осакаров аудандарының қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерін басқарған.

# КӨКТЕМГІ ЕГІС НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

**Облыс басшысы Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде көктемгі егіс жұмыстарының ахуалы сөз болды.**

Аймақтағы көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сағынжан Апақашов баяндады. Бүгінде облыстың ауыл шаруашылық ұйымдары көктемгі дала жұмысына кіріскен. Жоспарланған егіс көлемі нақтыланды. Соның нәтижесінде, егіс аумағы өткен жылмен салыстырғанда 57 мың гектарға артық. Ол биыл 967 мың гектар алқапты құрайды деп межеленуде.

– Дәнді және бұршақты дақылдардың алқабы 52 мың гектарға ұлғайып, 885 мың гектарға жетіп отыр. Майлы дақылдар 1200 гектарға артып, 18300 гектарды құрайды. Жемдік азық дақылдар 54 300 гектар, – дейді Сағынжан Апақашов. Сонымен қатар, Нұра, Бұқар жырау, Осакаров аудандары егістік алқаптарын ұлғайтуды жоспарлауда.

Жалпы, шаруашылық құрылымдары биыл 9600 гектарға картоп, 1500 гектарға көкөніс өсіруді көздеуде. Орамжапырақ 500 гектарға отырғызылады.

Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген 18 мың тонна дизель отынының 12600 тоннасы ендігі шаруашылықтарға берілген екен. Шаруашылықтар тұқыммен толық қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда 7 ауданда дән сіңіру басталды, 38 мың гектарға сән сіңірілді. Басқарма басшысының айтуынша, 25 мамырға дейін бидайды, арпа мен сұлыны 5 маусымға дейін сіңіріп, мәреге жеткізуге толық мүмкіндік бар.



# 560 КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА БАСПАНА БЕРІЛЕДІ

**Қарағанды облысы әкімдігінің аппараттық мәжілісінде тұрғын үймен қамту жайы сөз болды.**

Облыстағы тұрғын үй құрылысының жоспары бойынша құрылыс басқармасының басшысы Тайхан Сейтмаханұлы мәлімдеді. Басқарма басшысы облыста биылғы жылы «Нұрлы жер» бағдарламасымен 10,1 млрд.теңгенің көлеміндегі тұрғын үй құрылысын жүргізу көзделуде екенін атап өтті. Бұл – 4 мыңға жуық пәтер. Ал, қаңтардан бері 136, 6 мың шаршы метр баспана қолданысқа берілген.

Арендалық үйге республикалық бюджеттен 2,1 млрд. қаржы жұмсалып, 11 нысанда құрылыс жүргізіледі. Яғни, кезекте тұрғандар үшін 523 пәтер салынады. Оның 260-ы биыл табысталады. Соның ішінде, 196 пәтер қоғамның әлжуаз топтарына арналса, көп балалы отбасыларға 64 пәтер беріледі деп күтілуде. Бұдан бөлек, осы жылы республикалық бюджеттен 1,5 млрд. теңгеге екінші нарықтағы баспананы сатып алу қарастырылған. Бұл қаражат 204 пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Бірінші мамырдан жергілікті бюджеттердің қаражатымен 27 көпбалалы отбасы баспаналы болды. Ал, 20 мамырға дейін 106 көпбалалы отбасыға пәтер кілті тапсырылмақшы. Сөйтіп, осы мамырда 133 көпбалалы отбасы арендалық баспанамен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, облыстық бюджеттен «Тұрғынүйқұрылысжинақ банкі» арқылы жеңілдетілген, жылына 2 пайызбен несие беру үшін 1 млрд.теңге қарастырылған. Аталған қаражат 159 пәтер алуға мүмкіндік береді. 2019 жылы 756 отбасы арендалық үйге қол жеткізеді. Оның 560-ы көпбалалы отбасына бұйырады. Сөйтіп, облыстағы 1000-нан астам көпбалалы отбасының жартысына жуығы баспанаға қол жеткізеді.

Аймақ басшысы қала, аудандардағы тұрғын үй құрылысын да назардан тыс қалдырмады. Қала, аудан әкімдері аталған мәселе жөнінде мәлімдеді. Алайда, аймақ басшысы беріліп отырған қаражаттан құжаттарды дұрыс дайындамай қағылып қалатын жағдайды сынға алды.

– Құрылыстың белсенді кезеңі басталды. Қала, аудандарда тұрғын үй құрылысы жоспарын қамтамасыз ету қажет. Қаржы бар. Сол қаржыны дұрыс жарата білу керек және құжаттардың дайын болмауы салдарынан республикалық, басқа да қаржыдан қағыламыз. Осы мәселе бойынша талдау жасаңыздар, – деді Ерлан Жақанұлы. Бұл орайда салалық орынбасары мен басқарма басшысына тапсырма берді.

# «ARMANǴA JOL – 2019» ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОНЫ ӨТЕДІ

**19 мамырда сағат 8:00-ден 12:00-ге дейін Қарағанды қаласында «Armanǵa jol – 2019» жартылай марафоны өтеді. Жартылай марафон Тәуелсіздік алаңынан басталады. Байқаудың бағдарламасы бойынша қатысушылар 21, 14, 7, 2 шақырым және скандинав жүрісі бойынша 7 шақырым қашықтықта бақ сынайды. Сондай-ақ, Тәуелсіздік алаңында спорттық-концерттік шоу қойылымдар ұйымдастырылады.**




Спорттық шараның ұйымдастырылуына байланысты, 19 мамыр күні сағат 07:00-ден 12:00-ге дейін Бұқар жырау даңғылының бір бөлігі (Н.Әбдіров даңғылымен қиылысар тұстан бастап, Ленин көшесінің қиылысына дейін), Ленин көшесі (Бұқар жырау даңғылының қиылысынан бастап, Терешкова көшесінің қиылысына дейін), Ғ.Мұстафин көшесі Н.Әбдіров көшесімен қиылысар тұсқа дейін, Н.Әбдіров даңғылының бір жақ бөлігі және Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының бір бөлігі (Бұқар жырау даңғылының қиылысынан бастап, С.Ерубаев көшесінің қиылысына дейін), С.Ерубаев көшесі (Н.Назарбаев даңғылының қиылысынан бастап, Әлиханов көшесінің қиылысына дейін) жабылады. Жартылай марафонды ұйымдастырушылар жолдардың жабылуына байланысты туындаған қиындықтар үшін кешірім сұрайды.

ФОРУМ

# ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР – ҰРПАҚ ИГІЛІГІНЕ

**Қаламызда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы басқармасының тәжірибесін тарату бойынша «Ұлы дала мұрагерлері» қалалық форумы басталды.**

Зияткерлік мектептердің миссиясы – үздік қазақстандық дәстүрлерді, халықаралық тәжірибе мен практиканы үйлестіретін инновациялық білім беру жүйесін әзірлеу және оны енгізу, сондай-ақ, еліміздің орта білім беру жүйесіне теңдессіз тәжірибені тарату.

Жобаны іске асыру 2008 жылы наурызда басталды. Қазіргі таңда еліміздің бірнеше қаласында жаратылыстану-математика бағытындағы 21 зияткерлік мектеп жұмыс істейді. Онда он төрт мыңнан астам оқушы білім алып, екі мыңнан астам мұғалім қызмет етеді.

Жезқазған қаласының мектептеріне «НЗМ ДББҰ-ның» тәжірибесін тарату үшін кадрлық, ақпараттық және ұжымдық-әдістемелік жағдай жасалуда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда.

15-17 мамыр аралығында өтетін форум қара шаңырақ саналатын №8 гимназияда бастау алды. «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату: мәселелер мен жетістіктер» атты алаңында шеберлік сыныптар өткізілді. Бұл алаңда қала мектептерінің ұстаздары жиналды. НЗМ тәжірибесін орта мектепте кеңінен қолдану білім беру сапасын едәуір жақсартқаны байқалды. Шеберлік сынып барысында үштілді білім беру, критериалдық бағалау, білім беруді цифрландыру және жаңартылған білім беру мазмұнының оқулықтары деген бағыттар бойынша жетістіктер көрсетілді.

Кітапсыз білім жоқ. Оқушыға да, мұғалімге де өзін-өзі дамыту үшін кітап оқу өте маңызды. «Bookcrossing» жобасы аясында үш тілде кітаптар таныстырылды. Оқулықтардың көбі Жезқазған қаласының тарихына арналған. Аталмыш әлеуметтік жоба Назарбаев Зияткерлік мектептерінің желісінде 2010 жылдан бастау алады. Осы уақыт ішінде еліміздегі жалпы білім беру мекемелеріне 15 000-нан астам кітап даналары тапсырылған. Бұл жобаның басты мақсаты – кітап алмасу арқылы білімді жетілдіру.

Қазақ әнімен сусындап өскен бала өнерге жақын болады. Осындай оқушылардан Отанына, туған жеріне құрметпен қарайтын тұлғалар қалыптасады. Музыканың адам жанын тәрбиелеудегі құдіреті ұшан-теңіз.



Ұмытылып бара жатқан ән мен дәстүрді жаңғырту оқушылардың жас ерекшелігіне сай келетін балалар әндерін үйрету арқылы ән мәдениетін насихаттауда «Қазақ әндері» жобасын жүзеге асыру уақыт талабы болып табылады. Осы орайда №10 орта мектепте «Қазақтың 100 әні» атты хорлар фестивалі өтті. Мектеп оқушыларынан құралған хор ұжымдары бұл жолы патриоттық әндерді шырқады. Олардың қатарында «Үшқоңыр», «Жаса, Қазақстан», «Көк тудың желбірегені», «Жезқазған маршы» сынды әндер болды.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ӘДІЛДІК ЖОЛЫ ӨРЛЕУГЕ БАСТАЙДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте.)*



Зауыт ұжымы алдында сөз алған Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов Қасым-Жомарт Кемелұлының сайлауалды тұғырнамасының өзегі халықтың өмір сапасын жақсарту екенін атап өтті.

– Құрметті Жезқазған қаласының тұрғындары, қадірлі зауыт еңбеккерлері! Партиямыздың XIX съезінде Елбасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кандидатурасын ҚР Президенттігіне ұсынғанын жақсы білесіздер! Қасым-Жомарт Кемелұлы – Қазақстанға белгілі қайраткер, көптеген лауазымды қызметтерді адал атқарған азамат. Ол он жыл бойы Қазақстанның Сыртқы істер министрі, үш жылдай еліміздің Премьер-министрі болды, он жыл Парламент Сенатының Төрағасы лауазымын атқарды. Осы қызметтердің барлығында ол нәтижелі жұмыс істеді. Мінсіз мемлекеттік қайраткер ретінде танылды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы «Сабақтастық», «Әділдік», «Өрлеу» деген үш бөлімнен тұрады. Бағдарламада еліміздің өңірлерін дамыту мәселесіне ерекше назар аударылып отыр. Біріншіден, тұрғын үй мәселесі, автокөлік жолдары, сумен қамтамасыз ету, энергетикалық жүйені жаңғырту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылатын болады. Сайлауалды тұғырнаманың ең басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын көтеру, өмір сүру сапасын жақсарту, Тәуелсіздігімізді нығайту, жемқорлықты түбегейлі жою, экономиканы дамыта отырып Қазақстанды әлемдегі ең дамыған елдердің қатарына қосу, – деген Нұртай Салихұлы бұл мақсаттарға жету жолында әділдік принциптері басшылыққа алынатынын жеткізді.

Депутат өз сөзінде Жезқазған-Қызылорда тас жолын жөндеу алдағы үш жылға жоспарланып отырғанын, «Сарыарқа»




магистральды газ құбыры құрылысының биыл аяқталатынын атап өтті.

Республикалық қоғамдық штаб мүшесі Берік Әбдіғалиұлы металлургтер алдында сөйлеген сөзінде Қ.Тоқаевтың мемлекет басшысы болуға лайықты тұлға екенін баса айтты.

– Бүгінгі күн – тарихи күн. Жақында біз өз Президентімізді сайлайтын боламыз. Елбасы өзінің президенттік өкілеттігін тоқтатып, Қасым-Жомарт Кемелұлына сенім артты. Қ. Тоқаев – халықаралық деңгейде беделді, тәжірибелі саясаткер. Ары таза, Президент лауазымына лайық тұлға. Оның сайлауалды тұғырнамасы негізгі үш принциптен тұрады. Біріншісі – сабақтастық. Қ. Тоқаев Елбасының осыған дейін жүргізген саясатын одан әрі жалғастырып, тұрақты дамуды қамтамасыз етпек. Өздеріңіз білесіздер, Елбасымыз Жезқазған өңіріне әрқашан оң көзімен қарап, қамқорлық танытып келді. Қиын сәттерде үнемі қолдап келді. Сол қамқорлық әлі де жалғасын табатынына сенімдіміз. Олай дейтініміз Жезқазған аймағына қатысты бірқатар маңызды жоспарлар қабылданып, қаражаты бөлінді. Жұмыс басталып кетті. Ол өздеріңіз білетін газ құбыры, Қызылорда, Қарағанды бағытындағы жолдар, ауыз су мәселесі жақын уақытта шешімін табады, – деген Берік Әбдіғалиұлы Қ. Тоқаев тұғырнамасында қоғамды дамыту, саяси жүйені жетілдіру тұрғысында да маңызды бастамалар қамтылғанына тоқталды.

– Тұғырнамадағы екінші қағида – әділдік. Әділдік қағидасы біздің қоғамда әлі де өзекті. Ол үшін заң әділ болуы керек, ол заң қатаң сақталуы керек. Әр азамат өзінің заңмен бекітілген құқықтары мен бостандықтарын сезінуі керек. Үшінші қағида – өрлеу. Өрлеу – дегеніміз жаңару. Халық игілігі үшін жасалатын жаңалықтар. Сол үшін де біздің штаб «Бірге» деген акция бастады. Бұл акция аясында жер-жерлерде азаматтардан тілек, ұсыныстар жиналады. Ол ұсыныстар жүйеленіп, алдағы уақытта жүзеге асатын болады, – деген Берік Әбдіғалиұлы жезқазғандық еңбекшілер алдағы сайлауда ел игілігі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа дауыс беретініне сенім білдірді.

«Жарасым» республикалық жастар ұйымының жетекшісі Тимур Жұмырбаев Қ. Тоқаевтың сайлауалды тұғырнамасында көрсетілген үш қағида Қазақстанды алға бастайтынына сенімді.

– Қазақстан осы жылдар аралығында Елбасы Н.Назарбаевтың сара саясатымен дамудың даңғыл жолына түсті. Ел экономикасы тіктелді, халықтың әлеуметтік ахуалы жақсарды. Біз сабақтастықты сақтай отырып, осы дәстүрлі даму жолынан жаңылмауымыз керек. Ол үшін баршаңызды 9 маусымда Қ. Тоқаевты қолдап дауыс беруге шақырамын, – деді жастар ұйымының жетекшісі.

«Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалының Қарағанды аймағы бойынша өкілі Алпысбай Тайгөков Қасым-Жомарт Кемелұлының елімізді жарқын болашаққа бастар бірегей тұлға екеніне сенім білдірді.

– Бүкіл Қазақстан халқы қазір үлкен таңдаудың алдында тұр. Менің ойымша, біздің таңдау – біреу. Ол – Елбасы сенген тұлға Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасы.

Неге? Мысалы әлемде алты миллиардқа жуық халық тұрса, соның жартысының тілін Қ.Тоқаев біледі. Бүкіл батыс Еуропа, бүкіл Қытайдың басшыларымен емін-еркін сөйлесіп, Қазақстанға қатысты барлық шаруаны тікелей шеше алатын тұлға. Президент өкілеттігін атқарған соңғы 50 күннің өзінде біз Қ.Тоқаевтың ел экономикасын көтеріп, қоғамды дамытуға мүмкіндігі зор екенін көріп отырмыз, – деді ол.

Жиында еңбекшілер атынан сөз алған №1,2,3 Жезқазған байыту фабрикасының директоры Мұрат Бөрібаев Қ. Тоқаев кандидатурасының ұсынылуын ерекше қуанышпен қарсы алғанын айтады.

– Біз өнеркәсіп өкілдері Қ. Тоқаевтың сайлау додасына түсуін ел болашағына бей-жай қарамайтын қамқорлық деп түсіндік.

«Адам қамын ойлаған – саналықтың белгісі, заман қамын ойлаған – даналықтың белгісі» дейді қазақ нақылы. Елбасының қатысуымен өткен партияның съезінде тұрақтылыққа, татулыққа, бірлікке басты назар аударылды. Елбасының арқасында Қазақстан бүгінгі күнге жетті, әлемге танылды. Елбасы ұсынған кандидатура біздің ойымызды дөп басты. Ол – елдік пен еңбекке ұмтылу, мәңгілік ел қағидасы, патриотизмді, денсаулық пен білім саласының дамуын, әлеуметтің әлеуетін мойнына жүктеген азамат. Біз барлық азаматтарды 9 маусымдағы президент сайлауына белсенді қатысуға шақырамын, - деді Мұрат Ерболатұлы.

Жезқазған мыс қорыту зауытының балқыту цехының учаске бастығы Нұркен Ғабдулуахитов, «Ұлы дала» тамақтандыру комбинатындағы бастауыш партия ұйымының жетекшісі Татьяна Бокий бұл сайлау жаңару



мен дамудың басы екенін атап өтіп, аймақ еңбекшілерінің Қ. Тоқаев кандидатурасын қолдайтынына сенім білдірді.

Мыс зауытынан кейін республикалық штаб өкілдері «Ютария» өндірістік-инновациялық компаниясының тігін фабрикасына барды. Компания еңбекшілері алдында ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясының Мәжілістегі фракциясы жетекшісінің орынбасары Нұртай Сабильянов, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Берік Әбдіғалиұлы, «Жарасым» Жастар ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Тимур Жұмырбаев, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің ректоры Бақыт Жәутіков сөз алып, Президент сайлауына партия атынан ұсынылған Қ. Тоқаевтың сайлауалды тұғырнамасын таныстырды. Штаб өкілдері Жезқазған аймағын дамытуға, кәсіпкерліктің кең қанат жаюына мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлыққа ерекше тоқталды. Компания атқарушы директоры Тұрсынай Ибадатова меймандарды фабрика жұмысымен таныстырды. Кездесуде ұжым атынан тігінші Ақтолқын Әділбекова, учаске шебері Клара Берікова сөз алды.

– Осы кәсіпорында жұмыс істеп жатқаныма 10 жыл уақыт болды. Компаниямыз мемлекет қолдауы арқасында дамып келеді. Өңір экономикасы сан сала бойынша өркендеу үстінде. Тігін өнеркәсібінде көрсеткіштеріміз өсуде. Ең бастысы жұмысымыз бар, ертеңімізге сенімдіміз. Сонымен бірге, үш баланың анасы ретінде еліміздің ертеңі, қоғамдағы тұрақтылық мен үшін өте маңызды. Сондықтан да, әріптестерім алдағы сайлаудың маңызын ерекше жауапкершілікпен сезініп, дұрыс таңдау жасайтынына сенемін, – дейді Ақтолқын Әділбекова.

– Осы фабрикада 18 жылдан бері жұмыс істеп жатырмын. Біздің фабрика екі ауысыммен жұмыс істейді. Менің ауысымымда 85 адам еңбек етеді. Олардың қатарында жас мамандар, жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен келген азаматтар бар. Фабрика қазіргі заманғы құралдармен толық жабдықталған. Соның арқасында еңбек өнімділігі артып, уақыт тиімді жоспарланады. Басшылық тарапынан жұмыскерлерге қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Жұмысқа арнайы автобуспен келеміз. Мұның барлығы елдегі тұрақты дамудың арқасы деп білеміз. Осы үрдіс алда да жалғасып, Қазақстанның экономикасы гүлдене берсе деген тілегіміз бар, – деді учаске шебері Клара Берікова.

Қ. Тоқаевты қолдау штабының өкілдері сонымен бірге С. Қожамқұлоа атындағы қазақ музыкалық-драма театрында сайлаушылармен кездесті. Кездесуде ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясының Мәжілістегі фракциясы жетекшісінің орынбасары Нұртай Сабильянов, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Берік Әбдіғалиұлы, «Жарасым» Жастар ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Тимур Жұмырбаев, Ақтоғай ауданы Шашубай кентіндегі «Мектеп-бала бақша кешені» базасындағы тірек мектептің директоры, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Айман Түкбаева сөз алып, жезқазғандықтарды 9 маусымда өтетін Президент сайлауында «Nur Otan» партиясы атынан ұсынылған Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдауға шақырды. Жезқазғандықтар атынан ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының Жезқазған аймағы бойынша филиалының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Батырбек Мырзабеков сөз алып, алдағы сайлаудың мән-маңызына тоқталды.

– Жезқазған деген асты қазына, үсті ырыс-құт қаланың аты сонау Герадот жазбаларында аталса, бертінде академик Қ.Сәтбаев «Қазақстанның інжу-маржаны» деп баға берген. Бұл өңір өз тарихында талай-талай кезеңдерден өтті. Ағылшынның арбасын, кеңестің қызыл туын да көрді. Қай кезеңде болса да өз атын жоғалтқан жоқ. Бірақ ең жарқын тұсы осы Тәуелсіздік кезеңіне тұспа-тұс келеді. Біразға дейін Жезқазған туралы «Тұйықта жатқан қала. Барсаң қайта алмайсың» дегендей пікір айтылып жүрді. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы бұл сөзді енді қайталап айтылмайтындай етті.

Жезқазғаннан Бейнеуге дейін теміржол тартты. Сөйтіп Жезқазған тұйықтан шықты, орталықтағы қалаға айналды. Екі ортадағы жапан далаға жан бітті, жаңа өмір басталды. Бұл Тәуелсіздіктің арқасы, Елбасының қолдауы деп білеміз. Жезқазғанның көптен шешілмеген тағы бір мәселесі бар. Ол – ауыз су. Бізге әкім болған талай шенеунік таза су тартуға уәде беріп, алайда орындай алмай кеткен. Іскерлігіне міні жоқ Қасым-Жомарт Кемелұлы президенттікке ұсынылғанда осындай өзекті мәселелер өз шешімін табады деген сенім қалыптасты. Ол сенімім бекер емес екен, міне, Қ. Тоқаевтың тұғырнамасын қарап отырмын, өңірлерді дамытуға қатысты нақты жоспарлары бар екен. Кандидаттың үгіт жұмысының біздің қаладан басталуын да жақсыға жорып отырмын. Қолдау штабындағы азаматтардың тұлғасына, елге етіп жүрген еңбегіне қарап, баршаңызды алдағы сайлауда Қ. Тоқаевты қолдауға шақырамын, – деді Батырбек Мырзабеков.

Жиында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалалары жарияланған соң өңірдің рухани өмірінде болып жатқан оң өзгерістерге, игі істерге тоқталды. Сондай-ақ, музей басшысы әлеуметтік саладағы, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы жүйелі жұмыстардың әлі де жалғасын табатынына сенім білдірді.

Жастар атынан сөз алған Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенті, бірнеше шет тілін еркін меңгерген дарынды жас Байбол Ашу замандастарын алдағы сайлауда даму мен өркендеу жолын таңдап, Қ. Тоқаевқа дауыс беруге шақырды. Бүгінгі таңда елімізде жас дарындардың білімін ұштауға, қолдауға бар мүмкіндік бар екенін ерекше атап өтті. Залдағы жастар да замандастарының бұл ойын құптап, «Елбасы сенеді, елі қолдайды!» деп ұрандатты.

Жиынды қорытындылаған қалалық штаб жетекшісі Б. Қырықпышев Нұртай Сабильянов бастаған республикалық штаб өкілдеріне мағыналы да мазмұнды кездесу үшін алғыс айтты, Жезқазған жұртшылығы Президент сайлауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жолын жалғау үшін дауыс беретініне сендірді.

**Жомарт ТАЙМАС**




# ЖЕҢІС ЖАЛАУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН

## *майдангерлер ерлігіне ерекше тағзым жасалды*



**Адамзат тарихында ұмытылмастай із қалдырған Ұлы Отан соғысы 74 жыл бұрын жеңіспен аяқталды. Бүгінде Ұлы Жеңіс мейрамы – адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан мерекеленетін ортақ қуаныштары. Бұл күні жеңімпаздарға құрмет көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге, өскелең ұрпаққа теңдессіз, ұлы ерлік жайында шежіре шертіледі. Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.**

Мамыр айының мамыражай күні қаламыздағы мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері мен ұстаздары ардагерлерге құрмет көрсету үшін таңсәріден Алаш алаңынан асығып, Даңқ аллеясына дейін созылған шеруге қатысты. Бейбіт заманның ұландары «Ардагерлер жасасын!» деп ұрандатып жатты. Басты алаңнан басталған бұқаралық шеруді Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл еңбеккерлері мен қала басшылығы мінген көліктер бастады. Сонымен қатар, шеру құрамында ауған соғысы ардагерлері, Чернобыль апатын залалсыздандыруға қатысқан азаматтар, ардагерлердің ұрпақтары, батыр аналар, майдан даласында шайқасқан ата-әжелерін ардақтап, есімдерін ұлықтаған жезқазғандықтардың «Мәңгі өшпес полк» колоннасы жалғады.

Отан үшін жанын берген батырлардың есімін ұлықтау – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. Мәңгілік алау сол сұрапыл соғысты еске салатындай. Дәл осы күні жүздеген жезқазғандықтар көзсіз ерлікке барған майдангерлерге құрмет көрсетіп, алауға гүл қою үшін жиылды. Даңқ аллеясындағы митинг С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрының әртістері ұсынған көрініспен ашылды. Немересінің «Ата, соғыс деген не?» деген сұрағына атасының берген жауабы жиналғандарды толқытып, елжіретті. Қазіргі алаңсыз өмір сүріп жатқан балғындар сол зұлматты білмей тек сахнадан көріп өссе екен деген тілек болды бәрінің ішінде.

Әсерлі көріністен кейін ортаға Қазақстан Республикасының көк Туы әкелініп, Әнұранымыз шырқалды. Қала тұрғындары мен қонақтары алдында алғаш болып сөз алған Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов ардагерлерге бүгінгі ашық аспан үшін алғысын жеткізіп, Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады:

– 9 мамыр – жер бетіндегі бейбітшілік жолында жасалған теңдесі жоқ ерлік. Біз жеңісті жақындатқан ата-бабаларымыздың ерлігін ешқашан ұмытпаймыз. Біз оларды мақтан етеміз. Оларға бейбіт аспан үшін шексіз алғысымызды білдіреміз. Ұлы Жеңіс батырларының даңқы арта берсін! Баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір тілеймін, – деді Қайрат Баяндыұлы.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысы, полковник Марат Шакуанов ақ тілек легін жалғап, ардагерлерге денсаулық, отбасы амандығын тіледі. Аға ұрпақ атынан қаламызға белгілі журналист Көбейсін Еңсебаев сөз алып, «Біз соғысты көрген жоқпыз» деген өлең шумақтарын оқыды.

Ұлы Отан соғысына Жезқазған аймағынан қырық мыңға жуық сарбаз аттанған. Өкіништісі сол, оның жартысынан көбі елге қайта оралмады. Бүгінде қаламызда көз тірі төрт соғыс ардагері бар. Салтанатты жиын соңында бүгінгі ұрпақ майдан даласында өмір мен өлім арасында арпалысып, кеуделерін оққа тосқан және хабар-ошарсыз кеткен сарбаздардың рухына тағзым етіп, оларды бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Қайғылы да қуанышты мерекеде қала басшылығы бастаған топ легі мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Бұл күн – аға ұрпаққа алғыс айтатын, қанды қырғында қыршын кеткендерді, жеңістің оңайшылықпен келмегенін еске салатын кез. Қаламыздағы тарихи-археологиялық музей ұжымы ата-бабаларымыздың ерлігін құрметтеп, оларға арнап «Елінің ерен батырлары» атты көрме ұйымдастырғанын атап кеткен жөн. Митингке қатысқан жастар жауынгерлердің арнайы киімдері, бас киімдері, қару-жарақтарын, ыдыстарын көріп таңырқап жатты. Әр жәдігердің сақтаған өз естелігі, айтар сыры бар. Қала тұрғындарын бұндай құнды заттармен таныстыру – игі бастама.

Мерекелік шара Алаш алаңында жалғасты. Мерекелік концерт театрландырылған көрініспен бастау алды. Жүздеген жас жезқазғандық жұмылдырған көріністе сонау 1418 күн мен түнге созылған зұлмат соғыстың көрінісін көз алдымызға алып келгендей болды. Онда бозбаланың жауынгер атанып, майдан даласына аттанғаны, жеңісті жақындатуға атсалысқан тыл еңбеккерлерінің үлесі, зарығып хат күткен сүйген жар, «қара қағаз» алып бірі жарынан, енді бірі бауыр еті баласынан айырылған ананың зары, ұлттар бірлігі бейнеленді. Көрініс соңында мектеп оқушылары, қаламыздағы балалар және жасөспірімдер сарайының тәрбиеленушілері ұсынған «Мен, сен, ол – біз бірге бір елміз» флешмобы ерекше әсер сыйлады. Сонымен қатар, Т.Қалмағанбетов атындағы филармония әншілері, «Жезқазған маржандары» ардагерлер хор ұжымы, қаланың жас өнерпаздары өнер көрсетіп, соғыс жылдарындағы, Ұлы Жеңіске арналған әндерді шырқады.

Осындай айтулы шараны мектеп оқушыларынан құралған жас отан қорғаушылардың саптық шеруі түйіндеді. «Қазақ жауынгері» әнімен жүріп өткен жас ұландардың еңселері биік, аспандары ашық. Елін, жерін қорғауға дайын отансүйгіш ұрпақ барда зұлмат жылдардың куәгері болған аға ұрпақ алаңдамаса да болады.

Қазақ елі үлкендерге дәмнен ауыз тигізіп, батасын алуға асығады. Ұлы мерекеде Жезқазған мыс қорыту зауыты, байыту фабрикасы, бизнес және көлік колледжі ұжымдары киіз үй құрды. Бұнда ардагерлерге арнап ақ дастархан жайылып, ұлттық тағамдар ұсынылды. Қазақы үйде соғыс әндері шырқалып, естеліктер айтылды. Сондай-ақ, жауынгерлік кездерді еске салатын ботқада ұмыт қалған жоқ бұл күні. Бір тілім нан, қарақұмық ботқасы қан майданда жауынгерге нәр беріп, қайраты мен айбатын асырған. «Eurasian food» шатырында қала тұрғындарына жауынгер ботқасынан ауыз тию мүмкіндігі берілді.

Ерлікке тағзым шаралары таңсәріден басталып, қас қарайған шаққа дейін жалғасты. Кешкі мезгілде қала жастары Алғашқы құрылысшылар алаңында жиналды. Алаңда Жеңіс, туған жер, Отан тақырыбында патриоттық тақырыптағы халық аузында жатталып қалған әсем әндер шырқалды. Шара көздің жауын алатын естен кетпестей отшашумен аяқталды.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

## «БІРГЕ»

**«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалында партия атынан ел президенттігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамдық қабылдау бөлімі ашылды.**

# ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ АШЫЛДЫ




Кандидат Қ. Тоқаев өзінің сайлауалды тұғырнамасында «Бірге» атты қоғамдық жобаны қолға алғанын хабарлаған болатын. Жобаның мақсаты – бүкіл ел бойынша азаматтардың билікке аманатын жинау, ол аманаттың билікке тікелей, ашық әрі міндетті түрде жетуін, оның орындалуын бақылауды, әрбір министр мен әкімнің азаматтармен тікелей кері байланысын қамтамасыз ету.

Осы жобаны жүзеге асыру мақсатында партияның қалалық филиалы кандидаттың қоғамдық қабылдауын ашып отыр. Қала халқы мен кандидаттың сенімді өкілдерінің ашық кездесу алаңы болады делінген қоғамдық қабылдау бөлімінің жұмысына мемлекеттік қызмет ардагерлері Әлжаппар Әбрезов, Раиса Тілеужанова, қалалық филиалдың эксперті Жанар Майханова жауапты болып белгіленген. Бөлімде кестеге сай қала басшылығы мен қалалық мәслихат депутаттары азаматтарды қабылдайтын болады.

Қоғамдық қабылдау бөлімі жұмысқа қажет ұйымдық техникамен, байланыс құралдарымен жабдықталған.

**Өз тілшіміз**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЖАҢА МІНДЕТТЕРДІ АЙҚЫНДАДЫ

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазанда жариялаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауы ел дамуының жаңа кезеңіне бастау болып, экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жаңа міндеттерді айқындап берді.**

«Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Мызғымастай көрінген жаһандық қауіпсіздік жүйесінің тұғыры мен халықаралық сауда ережелері бұзылуда. Жаңа технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру еңбек ресурстарына және адам капиталының сапасына қатысты талаптарды күрделендіруде. Қаржы жүйелерінің мүлде жаңа архитектурасы түзілуде. Бұл орайда қор нарықтары кезекті қаржы дағдарысына алып келуі мүмкін жаңа «сабын көбігін» үрлеуде. Бүгінде жаһандық және жергілікті проблемалар тоғыса түсуде. Мұндай жағдайда сын-қатерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр» деген Нұрсұлтан Әбішұлы бұл Жолдауында азаматтарға жайлы орта қалыптастыру, мемлекет тарапынан көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға ерекше мән берді. Ол үшін Елбасы Үкімет, әрбір мемлекеттік орган мен мемлекеттік компания басшысы күнделікті жұмыс тәсілдерін өзгертіп, қазақстандықтардың әл-ауқатын өсіруді басты басымдық етіп алуы керектігін баса айтты.

Бұл Жолдаудың ең басты жаңалығы төменгі еңбекақы мөлшерінің 1,5 есеге артуы болды десек артық айтқандық емес. Бұл түрлі салалар бойынша барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың адамның еңбекақысын тікелей қамтыды. Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35 пайызға өсті. Осы мақсаттарға 2019-2021 жылдарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 миллиард теңге бөлінді. Осыған орай, енді, ең төменгі жалақы ең төменгі күнкөріс шегіне байланысты болмайды. Ең төменгі жалақының жаңа мөлшері бүкіл экономика ауқымындағы еңбекақы өсімінің катализаторына айналады. Президенттің бұл бастамасын өңірлердегі кәсіпорындар, шағын және орта бизнес иелері де қолдап, жергілікті басқару органдарымен меморандумдарға қол қойды.

Бұл ретте бизнеске мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың да жылдан-жылға артып келе жатқанын айта кеткен жөн. Жолдауында Елбасы бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау туралы айтып өтті. Өйткені, дәл осы бизнес арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, халықтың басым бөлігі табыспен қамтамасыз етіледі. Кәсіпкерлікті қолдау бағытында іске қосылған «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы өзінің өзектілігі мен өміршеңдігін қысқа мерзім ішінде дәлелдеді. Сондықтан, да аталған бағдарлама мерзімі 2025 жылға дейін ұзартылып отыр. Алдағы үш жылда осы бағдарламаның арқасында ел бойынша жаңадан 22 мың жұмыс орны ашылып, 224 миллиард теңге салық түседі деп күтілуде.

2018 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыру үшін Жезқазған қаласында 31 жобаға қолдау жасалды, олардың ішінде: 18 субсидия, 12 кепілдік және 1 жетпей тұрған инфрақұрылымды жүргізу жөніндегі 1 жоба. Бұлардың жалпы құны 964,7 млн теңгені құрады. Қаржылық емес қолдаудың түрлі бағыттарымен 400 адам қамтылды, 30-ға жуық консультация берілді. Биыл шағын және орта бизнесті дамытудың қарқыны сақталады және жалпы сомасы 1,6 млрд теңгені құрайтын 20 нысан ашу жоспарлануда. Осының арқасында жаңадан 90 жұмыс орны ашылып, салық түсімдері 18 млн теңгені құрамақ.

Осы ретте Жезқазған қаласында 2010 жылдан бері Индустрияландыру картасы аясында 6,7 млрд теңгенің 9 жобасы жүзеге асып, 650 жаңа жұмыс орны ашылып, 1,9 млрд теңгенің өнімі шығарылғанын айта кеткен жөн. Кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс 2018 жылы желтоқсан айында «Қазтехфильтр» ЖШС-ның «Іштен жанатын қозғалтқыштардың ауа сүзгілері элементтерін шығару өндірісін кеңейту және жаңғырту» және «Жалтырбұлақ» АҚ-ның «Құрамында алтын кені бар смоланы өңдеу цехының құрылысы» сынды екі жоба іске қосылды. Бұл жобаларда 32 жаңа жұмыс орны ашылып, жалпы инвестиция көлемі 590 млн теңгені құрады. 2019-2020 жылдарға жоспарланған жалпы құны 9,4 млрд теңге болатын, жаңа 247 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 2 жобаны, яғни, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-ның «Қара мыс концентратын гидрометаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауытының құрылысы» және «ҚазХимСинтез» ЖШС-ның «Өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыт құрылысы» жобаларын да атап өткен жөн.

Жолдауда айтылған міндеттердің бірі – халықтың тұрмыс сапасын арттыру. Елбасы өз Жолдауында: «Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты. Осыған орай, Үкімет әлеуметтік секторға, қауіпсіздікпен инфрақұрылымға мән бере отырып, бюджет шығыстарының басымдықтарын қайта қарауға тиіс» деген болатын. Бұл бағыттағы тапсырмаларды орындауда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жүйесі тиімді жүзеге асуда. Қаламызда 2018 жылы мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің жалпы инвестиция көлемі 367 млн теңге болатын, жаңа 73 жұмыс орны ашылған төрт жобасы сәтті жүзеге асты. Олар: «Жезқазған қаласының орталық ауруханасы» КМК базасында ашылған магниттік-резонанстық кабинет, жеке серіктес – «CentreNovaDiagnostic» ЖШС, жобаның жалпы құны – 187 млн теңге, «Жезқазған қаласының орталық ауруханасы» КМК базасында ашылған офтальмологиялық орталық, жеке серіктес – «MD Vision» ЖШС, жобаның жалпы құны – 40 млн теңге, балаларды оңалту орталығы, жеке серіктес – «Аура» ЖШС, жобаның жалпы құны – 70 млн теңге, Жезқазған қаласында оңалту орталығын ашу, жеке серіктес – «Аура Сервис» ЖШС, жобаның жалпы құны – 70 млн теңге. 2019 жылы мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында Жезқазған қаласында таэквандо орталығын ашу және «Қауіпсіз қала – көшелерді жарықтандыруды жаңғырту» және «Жезқазған қаласын абаттандыру және көгалдандыру» сынды жалпы инвестиция көлемі 5,2 млрд теңге болатын екі жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Н. Назарбаев аталған Жолдауда «Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленген, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аударған жөн. Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады. Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс» дегені белгілі. Қаламызда облыс басшысы Е.Қошановтың бастамасымен биыл 900 орындық дарынды балаларға арналған жаңа мектептің құрылысы басталды. 2020 жылдың қыркүйегінде пайдалануға берілетін мектеп құрылысына республикалық бюджеттен 1,7 млрд теңге қаражат қарастырылып отыр. Бастауыш, негізгі және орта білім беруді қамтамасыз ететін жаңа мектеп үш сатылы білім беру бағдарламасына арналған. Сондай-ақ, мұнда мүмкіндігі шектеулі балаларға коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсетудің арнайы мүмкіндіктері толықтай қарастырылады.

Бүгінгі таңда өзекті болып отырған мәселенің бірі – баспана мәселесі. Бұл мәселе біздің қаламызда да өзекті екені белгілі. Жолдауда халықты тұрғын үймен қамту жайы да сөз болды. Атап айтқанда, өңірлерде жалдамалы баспана салу қарқынын арттыру тапсырылды. Естеріңізде болса, былтыр Тәуелсіздік күні қарсаңында қаламызда 4 қабатты 36 пәтерлі арендалық тұрғын үй пайдалануға берілген болатын. Сонымен бірге, биыл Наурыз мейрамы қарсаңында «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» бағдарламасымен салынған 5 қабатты үйден банк салымшылары 30 пәтердің кілтін алды. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын тауып отыр. Жақында



мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша бес қабатты 60 пәтерлік тағы бір үйдің құрылысы басталды. Мердігер құрылысты 2020 жылдың желтоқсан айында аяқтауға міндеттеніп отыр. Бұдан бөлек жеке құрылыс жүргізушілердің де тұрғын үй құрылысына ден қойғанын айта кеткен жөн.

Нұрсұлтан Әбішұлы Жолдауында: «Халқымыздың бақуатты өмір сүруі және еліміздің озық дамыған 30 елдің қатарына қосылуы – Тәуелсіз мемлекетіміздің мәңгілік мұраты. Біз қашан да заман сынына тегеурінді іс-қимылмен төтеп беріп келеміз. Бұл – ең алдымен, ел ынтымағының арқасы», – деп, тұрақты даму мен өркендеудің кепілі ел ішіндегі ынтымақ пен татулық, ұлттың бірлігі екеніне назар аударатты. Елбасының сара саясаты мен Тәуелсіздік жылдарында атқарылған жасампаз істер Қазақстанды дамудың жаңа сатысына көтеруге алғы шарт жасады. Елімізді әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосу міндеті қойылып отыр. Ол мақсатқа жету үшін елге керегі – бірлік пен татулық, ішкі тұрақтылық. Бірлігіміз мықты болса, біз алмайтын асу жоқ.

**Мереке МЫРЗАБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы**

ЖЕЗҚАЗҒАН ФИЛАРМОНИЯСЫНА — 45 ЖЫЛ

# ӘН ӘУЕЛЕП, КҮЙ ТЕРБЕГЕН

**Жезқазған облыстық кеңесі атқару комитетінің 1974 жылғы 15 маусымдағы шешімімен Жезқазғандағы бірден-бір кәсіби концерттік мекеме ретінде облыстық филармония құрылған болатын. Содан бергі 45 жылдың ішінде әні әуелеп, күйі тербеген өнер қарашаңырағы елімізге кеңінен танылып, өркенді өрлеу жолдарынан өтті. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылы 15 қарашадағы қаулысымен облыстық филармонияға халық ақыны, асқақ әндерімен таңдай қақтырған дала сахнасының дүлдүлі Тайжан Қалмағамбетов есімінің берілуі де ел көңілінен шыққан елеулі оқиға болды. Құрылымдық өзгерістерге байланысты 1997 жылдан бері филармония қалалық дәрежеде болғанымен халыққа мәдени қызмет көрсету аясын кемітпей, жемісті еңбегін жалғастырып келеді.**



Өнер шаңырағының өткен тарихына үңілсек, талай таланттар мен жайсаңдардың есімдері еске түседі. Филармонияның негізін қалаушы, тұңғыш директоры Серік Елеусізовті бүгінде қатарда жүрген ардагерлер үлкен ілтипатпен еске алады. Елімізге танымал режиссер филармонияның шынайы кәсіби ұжым болып қалыптасуы жолында көп еңбек сіңірді. Сол кезеңде құрылған «Қаракөз», «Жезкиік», «Байқоңыр», «Ой, тамаша» эстрадалық, «Ұлытау» ұлттық-фольклорлық ансамбльдері филармония тарихында ерекше орын алған еді. Сыршыл әндерімен тыңдарманын тәнті еткен өнер тарланы, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Жақсыкелді Сейіловтің өмірінің соңына дейін осы ұжымда болуы да концерттік бағдарламалардың шырайын кіргізіп, шоқтығын көтере түсетін. Үш әнші – Береке Көшенов, Ғалым Мұхамедин, Серік Оспанов Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі жоғары атағына ие болды. Сондай-ақ, бірнеше өнерпаз Халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты атанды. Филармонияда еңбек еткен ерлі-зайыпты Ахат, Роза Байбосыновтар, Болат-Мара және Ахмедия Есмұқановтар, көркемсөз оқу шебері Әлия Айтжанова және басқа да көптеген өнерпаздар айшықты өнерлерімен танылды. Филармонияны әр жылдарда басқарған Бектұрсын Шортанбаев, көркемсөз оқу шебері Бақберген Дәркембаев, Мөрлібек Мұратбаев марқұмдардың да еңбектері айтарлықтай болды. Одан кейін Серік Оспанов, Әнуар Омаров басқарған филармонияны кейінгі 19 жылдан бері талантты музыкант Рахмет Сексенбаев басқарып келеді. Қаланың 65 жылдығы, филармонияның 45 жылдығы қарсаңындағы биылғы жылдың өнер ұжымы үшін зор өрлеу кезеңі болып отырғанын атап айтқан директор қалыптасқан ізгі дәстүрлерді жалғастыра отырып, жаңа межелерді белгілеп отырғандарын ортаға салды.

– Бүгінде филармонияда штат кестесіне сәйкес 39 адам еңбек етеді. Үш топ бойынша кәсіби өнерпаздар ел аралап, халыққа қызмет көрсетуде. Көп жылдардан бері халыққа танылған «Жезкиік» ансамбліне Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Береке Көшенов жетекшілік жасайды. Оның құрамында Мәдениет министрлігінің «Өнер саласының үздігі» белгісінің иегері Зәуреш Омарова, Ә.Қашаубаев, Ж.Елебеков атындағы республикалық конкурстардың, И.Жақанов атындағы халықаралық фестивальдың лауреаты Қайрат Әбеуов, сондай-ақ, кеңінен танымал Ләйла Бекбалақова, Руслан Исмаилов сынды әншілер бар. Бұрынғы «Ән көңілдің ажары» тобы үстіміздегі жылдан бастап өзгертіліп, «Жезқазған дауысы» деп аталды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, қаламыздың Құрметті азаматы Ғалым Мұхамедин басқаратын бұл топтағы Берік Арыстан, Асхат Сағындықов, Зәуре Елбаева, Перизат Несіпбаева, республикалық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Айзада Әбдіхалықова көрермен қауымның ыстық ілтипатына бөленіп жүрген әншілер. «Алтын орда» атты ұлт аспаптар ансамблі 2013 жылы құрылған еді. Үшінші топтағы бұл ансамблімізге 2017 жылдан бастап Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, филармонияның көркемдік жетекшісі Нұрлан Хамзин басшылық жасауда. Сол алғашқы жылдың өзінде ұлттық көне аспаптарымызды сөйлеткен 10 адамнан тұратын бірегей ансамбль «Шабыт» фестивалінің лауреаты атанды.

– Әншілерімізді айтамыз да кейде басты саламызда лайықты еңбегімен көрініп жүрген кейбір жандар тасада қалып қояды. Мәселен, бас есепшіміз Дина Нұрсейітова – 30 жылдан бері тапжылмай еңбек етіп келе жатқан нағыз өз саласының маманы. Қайырбай Жұмабаев деген бас әкімшіміз бар. Танымал әнші Гүлдәурен Жидебаева қазірде музыка бөліміне жетекшілік жасайды. Әншілер қашанда ел арасында, сапарда жиі жүретіні белгілі. Фольклорлық ансамбліміз жақында Қостанай облысын аралап келсе, «Жезкиік» Қарағанды маңайындағы аудан, қалаларды аралап өнер көрсетті. Алда да үлкен жоспарымыз бар. Жақсыкелді Сейіловтің 70 жылдығына орай республикалық конкурсқа атсалысамыз. Бекеңнің, Береке Көшеновтің мерейтойы аясында да Қарқаралы, Бұқар жырау аудандарын қамтитын күзгі гастроліміз жоспарланған, – дейді филармония басшысы Р.Сексенбаев.

Қастерлі өнер шаңырағының құрылғаннан бергі кезеңі Береке ағамыздың өмір жолымен өзектес. Ол осыдан 44 жыл бұрын кәсіби өнер ордасына келіп, үлкен сахнадағы өнер жолын бастаған болатын. Жезтаңдай әнші сол бір кезеңді тебірене еске алады.

– Өнердегі жұлдызды жылдарым осы қарашаңырақта басталды. Оның барлығын бір сәтте айтып өту мүмкін емес. Дегенмен де, 45 жылдық қарсаңында филармонияның атағын аспандатқан жарқын беттерді еске алмауға болмас. Соның ішінде «Жезкиік» ансамблінің республиканың барлық өңірін үш рет аралап шығып, өз елімізбен қатар іргелес Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Қарақалпақ республикаларын өнерімен тәнті еткенін қалайша ұмытуға болады. Мәскеу, Балтық елдерін, ГДР, ФРГ, Исландия, Монғолия, Венгрия сияқты шет елдерде «Ұлытау» ансамблінің құрамында қазақ өнерінің мәртебесін көтеріп, абыройды асырған сәттеріміз де ешқашан ұмытылмақ емес. Біздің халқымызда «киелі өнер, киелі топырақ талантты ұл мен қыздар туғызбай қоймайды» деген қанатты қағида бар ғой. Сол айтқандай, үш жүздің басын қосқан қасиетті Ұлытау топырағындағы тұңғыш кәсіби өнер ордасы – Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармония да киелі қара шаңырақ. Негізінде, өнер адамдарының өз еңбектерінің жемісін көріп, бағы жанғаны еліміздегі басқа филармонияларда санаулы ғана. Шүкіршілік, бізде қызмет ете жүріп көптеген әртістер бүкілодақтық, республикалық әншілер конкурсының лауреаттары атағын жеңіп алды. Абырой биігіне бөленді. Артымыздан талантты жас толқындар өсіп, қатарға қосылып жатыр. Жаңа заманның үрдісінің тізгінін қолына алған біздің филармония музыкалық сапаны жоғары көтеру мақсатында өзінің жанынан арнайы дыбыс жазу студиясын ашты. Өнерін өрістетем деген жастарға мүмкіншілік мол. Облыстық мәдениет басқармасының жан-жақты қолдауының арқасында нақты жұмыс істеу үшін филармонияда барлық жағдай жасалған, – дейді Б.Көшенов.

Иә, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясы – аймақ мәдениетін өркендетуге лайықты үлесін қосып келе жатқан іргелі ұжым. Ел рухын көтеретін әуезді ән мен сазды күйдің киелі ордасы, рухани өміріміздің дем берушісі деп білеміз біз оларды. Көкейлеріне күй, таңдайларына ән ұялаған хас таланттар ұлттық өнерімізді ұлықтау жолында қанаты талмай, қиядан көріне берсін дейік.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Қалалық ақпараттық-насихаттау тобының мүшелері №1,2,3 байыту фабрикасының жұмысшыларымен жүздесіп, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жайында әңгіме қозғады.**



Қазір ел аумағында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі қағидаттарын түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Жаңа жүйе, медицина қызметкерлері, жұмыс берушілер және тұрғындар арасында кеңінен насихатталып келеді. Бұл осы саладағы қызмет сапасын көтеріп, әр адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігін арттыруды көздейді. Байытушылар арасында түсіндіру жұмыстарын медициналық колледж оқытушылары жүргізді. Төлеу Қоқанова өз баяндамасында медициналық сақтандырудың түрлерімен таныстырып, оның тиімділігі жөнінде айтып өтті.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда халықтың, мемлекет пен жұмыс берушілердің ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі. Бұл жүйеге адамның өмір сапасын жақсартатын медициналық қызметтер, сондай-ақ, ұрпақ саулығының негізін қалайтын медициналық көмек түрлері кіреді. Демек, кез келген адам сырқаттанып қалған жағдайда, жалақысынан сақтандыру қорына аударылған қаражат есебінен ауруханада емделе алады. Яғни, медициналық сақтандыру қоры клиниканың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында қызмет көрсетуге кеткен шығындарын жауып береді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бірнеше кезеңнен өтіп, әрбір кезең жұмыс беруші мен азаматтардың қатысу үлесін ұлғайтуды қамтиды. 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғалар жарна аударуды бастаған болатын.

Сондай-ақ, атап өту керек әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жарналарынан балалар, көп балалы аналар, ҰОС қатысқандар мен мүгедектер, мүгедектер, жұмыссыз отырғандар сынды он бес санаттағы адамдар босатылады.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

# КҮРЕС ТОҚТАМАҚ ЕМЕС

**Жезқазған қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасында Дүниежүзілік ЖИТС-тен қайтыс болған адамдарды еске алу күніне арнап жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.**

Жыл сайын мамыр айының үшінші жексенбісінде аталып өтетін осы күн АИТВ пандемиясына қарсы күресуде ұйымдастыру әрекеттерін күшейту үшін қызмет етеді және АИТВ жұқпасын алдын алу шаралары туралы халық арасында оқытып үйретуді ұйымдастыруға бағытталған. Биылғы шаралар республика көлемінде «Өмір сүру үшін есте сақтаймыз» ұранымен өтеді.



«Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күресу орталығы» Жезқазған бөлімінің меңгерушісі Гүлнәр Телбаеваның айтуынша, Жезқазған және Сәтбаев қалаларында ЖИТС ауруына шалдыққан адамдардың сенім орталықтары ашылған. Ол мекемеде АИТВ жұқпасымен өмір сүріп жатқан адамдарға психологиялық және медициналық көмек көрсетіледі. Сондай-ақ, вирус тасымалдаушы тұлғаны жылына екі рет қан тапсыруға міндеттейді.

Эпидемиолог дәрігер Гүлбаршын Әлиева әлемде 37 миллион адам осы дертке шалдыққанын мәлімдеді. Оның 33 мыңы Қазақстанда тұрады. Әлемде емі табылмай тұрған derттің бұл түрі көбеймесе, азаймай тұр. Дәрігердің айтуынша, бұл кеселдің белгілері бірден білінбейді. Ол адам ағзасында 10-15 жыл өмір сүргеннен кейін айқындалуы мүмкін. Сондықтан, өз денсаулығын ойлайтын әр адам жылына екі рет қан сараптамасынан өтуі қажет. Бұл біріншіден адамның өзі үшін, одан кейін отбасы үшін қажет екенін алға тартты маман.

Инфекционист дәрігер Ләззат Мұхамедиева АИТВ жұқпасының анадан балаға берілу жолдарына тоқталды. Қазіргі таңда жұқпаның дәл осы түрі көбейіп келе жатыр. Анадан балаға әйел жүкті кезде, туу процессі жүзеге асқанда, омыраумен емізгенде беріледі. Сондықтан, әйел аяғы ауырлағанын білгеннен сәттен бастап дәрігердің қаралуынан қашқақтамай, бақылауда болу керек. Жүкті әйел де екі рет сараптама тапсыру міндетті. Өйткені, бірінші ретте байқалмаған вирус, екінші рет қан тапсырғанда байқалған кездер де кездеседі. Сондықтан, баланы көтеріп жүрген әйел ғана емес, оның жары да дәрігерге қаралып, тексерістен өткен жөн деп дабыл қағады дәрігер.

Жезқазған қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының эпидемиологиялық тексеріс бөлімі бас маманының міндетін атқарушы Аида Бақыт жиын барысында АИТВ жұқпасына қарсы күресті ұйымдастыруда өткізілетін шараларға тоқталды. Бұл дертті алдын алудың бір ғана жолы бар – халықты ақпараттандырып, зиянды қылықтан сақтандыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Сол себепті, алдағы уақытта ЖИТС-тен қайтыс болған адамдарды еске алу күні қарсаңында спорттық жарыстар, түрлі акциялар өтеді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДІНИ АЛАУЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

**Бүгінде діни экстремизм мен терроризм әлемдік қоғамдастықты қатты алаңдатып отырған мәселеге айналды. Әрине, заманауи әлемнің қатеріне айналып отырған осынау зұлматтан біздің еліміз де сырт қала алмасы анық. Ол бүкіл қоғамның тізе қосып, күш біріктіруін қажет етеді. Дінге қатысты тура немесе жанама үдерістердің барлығы қоғамдық өмірдің маңызды бөлігін қамтитындықтан, дін төңірегіндегі туындайтын проблемаларды шешуге билік органдарымен қатар, азаматтық қоғам институттарының қатысуы ерекше маңызға ие. Өйткені, діни сипаттағы проблемалар қоғамның өмір сүруіне қатысы бар проблемалар ретінде қоғамдық және ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен тікелей байланыста көрініс табады.**

Діни сауаттылық дін туралы білім ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, экстремистік топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптасады. Осы иммунитетті қалыптастыру мақсатында «Қазақстан Республикасы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» бекітілген.

Қазіргі күнде елімізде дін саласына қатысы бар мемлекеттік органдардың жұмыстары жүйелі деңгейде жолға қойылғаны туралы толық сеніммен айтуға болады. Осы кезекте Жезқазған қаласы әкімдігі жанынан аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында ақпараттық түсіндіру тобы құрылған болатын.

Ақпараттық-түсіндіру тобының құрамында дін саласының мамандары, ҚР Білім беру ісінің үздіктері, қалалық мәслихат депутаттары, тарихшы, саясаттанушы, психолог сынды барлығы 22 маман бар. Топ құрамына биыл түрлі салада еңбек тәжірибесі бар жас мамандар қосылып, лекторлардың жас буынын қалыптастыруға мән берілді.

Ақпараттық-түсіндіру тобы құрылған жоспарға сәйкес өз жұмысын жалғастыруда. Жоспар бойынша мектеп оқушылары, студенттер, өндіріс қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, жұмыссыздар және жеке кәсіпкерлермен кездесу өткізу қарастырылған.

Жалпы осы жылдың І тоқсанына жоспарланған кездесулердің басым бөлігі өндіріс орындарындағы жұмысшы коллективке бағытталған. Себебі өндіріс қызметкерлері ауысымдық жұмыс (күндізгі, түнгі, ұйқылы, демалыс) кестесімен жүретіндіктен көптеген мемлекеттік бағдарламалардың, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламадан бейхабар қалып жатады. Сонымен қатар, өндіріс қызметкерлерінің арасында, әсіресе ондағы жастар арасында теріс ағымды ұстанушылар мен маргиналдық топқа жататын азаматтар жоқ емес. Сондықтан 2019 жылдың І тоқсанында діни экстремизмнің алдын алуға арналған ақпараттық-түсіндіру тобы өндірістегі осындай олқылықтармен күресуді мақсат етті. Сол себепті Жезқазған мыс қорыту зауыты, Жезқазған №1,2,3 байыту фабрикалары сияқты өндіріс орындарында және АК-159/25 түзеу мекемесінде, Жезқазған қаласы бойынша пробация қызметінде ұзақ мерзімді әрі кең ауқымды кездесулер ұйымдастыру үшін негізгі жоспарға қосымша ретінде егжей-тегжейлі жоспарлар (детальные планы) жасалды, соған сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Қазірдің өзінде жүйелі жасалған осы жұмыстар өзінің оң әсерін беріп отыр.

Ақпараттық-түсіндіру тобы 2019 жылдың қаңтар айында 9 лектордың қатысуымен 580 адамды қамтыған 6 кездесу және орталық мамандарының өткізуімен 600 адамды қамтыған 1 акция ұйымдастырды, барлығы 1180 адам қамтылды. 2018 жылдың қаңтар айында небәрі 3 кездесу өтіп, 163 адам қамтылғанын ескерсек, 2019 жылдың алғашқы айындағы бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда едәуір жоғары.

2019 жылдың қаңтар айында қамтылған 1180 адамның пайыздық үлес салмағы төмендегідей:

- мектеп оқушылары – 30,5 % (360 адам);
- жұмысшы коллектив – 15,7 % (185 адам);
- спортшылар – 3 % (35 адам)
- аралас – 50,8 % (600 адам).

2018 жылдың ақпан айында өткен 11 кездесуде барлығы 610 адамға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсе, 2019 жылдың ақпан айында 11 лектордың қатысуымен 560 адам қамтылған 10 кездесу және мыңға жуық адам қатысқан 1 акция өткізілді, қатысушылардың саны 1560 адамды құрады. Оның ішінде:

- мектеп оқушылары – 19,6 % (305 адам);
- студенттер – 6,7 % (105 адам);
- жұмысшы коллектив – 9,6 % (150 адам);
- аралас – 64,1 % (1000 адам).

2018 жылдың наурыз айында өткен 7 кездесуге 488 адам және 1 акцияға 150 адам қатысты, барлығы 638 адаммен ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді. Ал, 2019 жылдың наурыз айында бұл көрсеткіш 2655 адамды құрады: 655 адам қатысқан 7 кездесу және екі мыңға жуық адам қатысқан 1 акция. Оның ішінде:

- мектеп оқушылары – 13,2 % (350 адам)
- жұмысшы коллектив – 5,3 % (140 адам)
- жазасын өтеушілер – 1,3 % (35 адам)
- студенттер – 5,6 % (150 адам)
- аралас – 75,3 % (2000)

Жалпы алғанда 2019 жылдың І тоқсанында ақпараттық-түсіндіру тобы жалпы саны 5395 адам қамтылған 3 акция мен 22 кездесу ұйымдастырды. Оның ішінде:

- мектеп оқушылары – 18,8 % (1015 адам)
- жұмысшы коллектив – 8,6 % (475 адам)
- жазасын өтеушілер – 0,6 % (35 адам)
- студенттер – 4,7 % (255 адам)
- спортшылар – 0,6 % (35 адам)
- аралас – 66,7% (3600 адам).

Жоғарыда көрсетілгендей 2019 жылдың І тоқсанында Жезқазған мыс қорыту зауыты мен Жезқазған №1,2,3 байыту фабрикаларының жұмысшыларының ішінде 475 адаммен (8,6 %) ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді. І тоқсан бойынша өндіріс ошақтарында өткен 7 кездесуде «дін мен дәстүрдің сабақтастығы», «толерантты қоғам», «мемлекеттің зайырлылығы», «дін, қоғам, тұлға» сияқты ұғымдар кеңінен түсіндіріліп, жан-жақты ақпарат берілді. Жұмысшылар кездесу тақырыбына сай өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, мамандардан тұщымды жауаптар алды. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға қатысты негізгі қағидалар мен ұстанымдармен келіспей, теріске шығарғандар да жоқ емес. Мұндай азаматтардың тұлғасы анықталып, бақылауға алынды. Олармен жекелеген жұмыстар жүргізілуде. Жалпы жұмысшы коллектив өкілдері ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысына оң бағаларын беруде.



Ақпараттық-түсіндіру тобы жұмысының тағы бір ерекшелігі – дін мен дәстүрге, зайырлылық пен толеранттылыққа қатысты теориялық ақпараттар мен білімдерді тәжірибе арқылы іс жүзінде аудитория назарына ұсыну. Бұл – «Қазақстан Республикасының діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» 3-тармағын жүзеге асыру мақсатынан туған бастама. Мәселен, мектеп оқушылары мен жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттерімен кездесулерде «Ақ әжелер» этнографиялық тобының қатысуымен қазақ халқының «Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Қыз ұзату», «Шаш өру» сияқты ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды көрсету, сондай-ақ ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдарды таныстыру сияқты шаралар болады. Өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштікті, ұлттық құндылықтар мен халықтық дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті оятатын бұл практикалық тәсіл оқытушылар мен білім алушыларды қызықтырып, олардың оң бағасын алуда. Ұлттық салт-дәстүрлер дәріптелген дәл осындай практикалық тәсіл Жезқазған политехникалық колледжінде, Жезқазған қаласы білім бөлімінің №5, №10 орта мектептері мен №8 қазақ гимназиясында кеңінен қолданылды.

Ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің діни, құқықтық сауаттылықтары мен ақпаратты жеткізу шеберліктерінің деңгейі де үнемі басты назарда болады. Ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері аптасына 1 рет бас қосып, өзара тәжірибе алмасып, білімдерін жетілдіріп отырады. Сондай-ақ, әр кездесу барысында оған қатысушылар әр лекторды арнайы сауалнама арқылы 5 балдық жүйемен бағалайды.

Жоғарыда аталған ауқымды жұмыстардың барлығы оң әсерін беріп, Жезқазған қаласындағы діни ахуалдың тұрақты болуына өз септігін тигізетініне сенім мол. Діни экстремизмнің алдын алуға арналған ақпараттық-түсіндіру тобы 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес әрі қарай да жүйелі жұмыстарды жалғастыра береді.

**Гүлнұр ЖОЛАШАРОВА,**
**Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі конфессияралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығының директоры**

# ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ ҮЛГІСІ

Дана қазақ халқында «Сырлы аяқтан сыр кетсе де, сыны кетпейді» деген керемет сөз бар. Осы бір нақыл жастайынан талай қиыншылықты басынан өткізсе де, жан дүниесі мен әсем келбеті қатар сақталған қайсар мінезді ата-әжелерді көргенде еріксіз ойға орала береді. Осындай данагөй қарияларымыздың бірі – тыл ардагері, алтын құрсақты ана, Жезқазғанмен бірге жасап келе жатқан **Жәмиля Тышқанбайқызы ҚОЖАБАЕВА**. Бүгінде 16 немереден өрбіген шөпшектердің қолынан су ішіп, шөпшегіне өнегелі өсиет айтып отырған әжеміз тоқсанның төріне шыққан екен.

Кеудесі сыңғырлаған ақ-сары медальға толы Жәмиля Тышқанбайқызына тоқсан жасты қимадық. Өйткені, кемел ойы мен парасатты пікірі бар әжейдің кеудесі әлі де тік, қимыл-қозғалысы шапшаң және қайраттылығынан қайтпаған. Әрине, кейіпкердің дәл осындай қалпында сақталуы – ерен еңбектің арқасында.

Өнегелі өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі болған әжейдің балалық шағы ашаршылық пен сұм соғыстың ауыр уақытына дөп келді. Сұрапыл соғыстың өзін көрмесе де, салқынын сезіп өскен ол өзге батыр аға-апаларымыз сияқты нәубетті жылдардың қиындығына мойымай, қайта сол ауыртпалықты жеңу арқылы шыңдала берді. Екінің бірі төзе бермейтін ауыр еңбек пен бейнетті басынан өткерген Жәмиля Қожабаева:

– Ұлы Отан соғысы басталғанда небәрі он екі жастамын. Үш-ақ сынып білімім бар. Әкемді бронмен соғыстан алып қалып, Өлкеге жіберген еді. Өлкеде қыс болмаған соң, мал өсіруге өте қолайлы. Сондықтан, мен мектеп оқу мүмкіндігінен қағылдым. Отбасымызбен мал шаруашылығымен айналысып, майданға ет, май мен құрт сынды өнімдерді жіберіп тұратынбыз. Өзіміз ішіп- жемедік. Аш құрсақ жүрген күніміз аз болмады. Дала өсімдіктерін теріп, азық ететінбіз. Соғыс ешкімді аямады. Аласапыран заман бала-шағаның белі қатпады-ау, шал-кемпірдің шамасы келмейді-ау демеді. Қозы-лақ бағу, қой қырқу одан қалды үйде анамызға түн жарымға дейін жүн түтісетін едік, – деп ауыр күрсінді. Соғыс біткен соң да еңбекке араласып колхозда сауыншы болған. Сол жылдары қажырлы еңбегі үшін «Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Сарыкеңгір ауылында көп балалы отбасында туған Жәмиля әже Жезқазғанның өткенінен де сыр шертеді.

– Ертеде бұл Наушабай деген жер еді. Біз мұнда мектепке келетінбіз. Есімде мен үшінші сынып оқып жүргенімде «трест» құрылысы басталды. Сонда үйдегі әке-шешем: «Трест Наушабайды тіреп тұрады», – дейтін. Сол шындыққа айналды. Күн өткен сайын қала сәулеттеніп, дәулеттеніп сала берді. Тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі жақсарып, Жезқазған елімізге ғана емес, әлемге де әйгілі, – деген Жәмиля әжей мысты шаһардың болашағы жарқын екеніне кәміл сенеді.



Бүгінгі таңда қара шаңырақтың ұйытқысы, ақылшысы болып отырған абзал ана он сегіз жасында Аман Әлібековпен отбасын құрды. Өмірлік жолдасы да еңбек майданында шыраған. Көп жылғы қажырлы еңбегі лайықты бағаланып, көптеген марапатқа ие болған Аман Әлібеков зейнеткерлікке шықса да еңбектен қолын үзген емес. Ес білгелі белін жазбай ауыл шаруашылығы саласында абыройлы еңбек еткен ол балаларын да малды маңдай терімен табуға баулыды. Міне, осындай ата-ананың өнегесін көріп өскен ұл-қызы әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінен алыстамады. Бәрі бір-бір шаңырақтың иесі атанып, салиқалы ұрпақ тәрбиелеп отыр.

– Шүкір, еңбек ете жүріп он құрсақ көтердім. Оның алтауы ғана аяқтанды. Жолдасым екеуіміз балаларымыздың білім алуына көп көңіл бөлдік. Өйткені, кезінде біз сұм соғыстың кесірінен оқи алмадық. Ұлдарым мен қызым Роза өндіріс саласында еңбек етуде, – деген Жәмиля әже бауыр еті балалары мен немере-шөберелерін ең алдымен адалдыққа тәрбиелеуде. Өзінің ғана емес, өзгенің де баласына тәрбиелеуге үлес қосты біздің кейіпкер. Зейнет жасқа шыққанға дейін ауыл балабақшасында тәрбиеші болып, тәрбиеленушілері арасында «әдемі тәте» аталып кетті.

Торқалы тоқсан жасын қарсы алған Жәмиля Қожабаева ұлы Шамхал мен келіні Айгүлдің қолында. Сонымен қатар, олармен бірге немересі Думан мен келіншегі Жансая тұрады. Бір емес екі келінді бір шаңырақтың астында айрандай ұйытып, шөбересі Мәлика мен Кәмилянің тәрбиесіне араласып отырған Жәмиля әжейдің даналығына тамсанбасқа болмас.

Елде қалып, соғысқа бармаса да екінші тыл майданында «Жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл ардагерлерінің тынымсыз еңбегі еш ұмытылмас. Осындай жандардың бірлігінің арқасында қаһарлы жаумен жұмыла күресіп, Ұлы Жеңіске қол жеткіздік. Сондай қиын кезеңді басынан өткерсе де, тағдырдың талқысына сынып түспей, мейірімін, қадір-қасиетін, болашаққа деген сенімін жоғалтпаған Жәмиля Қожабаеваның әрбір ісі бүгінгі ұрпаққа үлгі.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШУДЕ ЕСКЕРІЛУІ ТИІС ТҮЙТКІЛДЕР

Мен филолог ретінде өзге тарихты ысыра тұрып, қазақтың тәуелсіздікке дейінгі ғұмыр жолындағы тіл мәселесін мысалға алайын. Сонау Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысынан (Әбілқайыр хандығы) бөлініп шығып, жеке мемлекет Қазақ хандығын құрған кезеңінен бастап қазақ тілі сан қилы жолдар тораптарын басынан өткеріп, көптеген қиыншылықтар мен кедергілерді басынан өткеріп осы күнге аман-есен жеткендігінің өзі ұлы тіліміздің асқақтығынан, қайсар қазақтың ырысының толағайлығынан хабар беретіндей. Қазақ тілінің қыспаққа ілінген дәуірі қазақтардың Ресей құрамына еніп, бағынышты мемлекетке айналған сәтінен бастау алды. Қазақ тілінің тар жол, тайғақ кешуі Кеңес Одағының құрамында болған уақыттарда бой алды. «Дін жоқ, тіл жоқ, меншік ортақ, Кеңес Одағында жалғыз ғана ортақ тіл бар, ол – орыс тілі!» деген замандарда қолданылу аясы тарылып, қыспаққа түскен, көптеген қиыншылықтарды басынан өткерген тілдің бірі қазақ тілі болды. Қазақ тілі алғашқы уақыттарда А.Байтұрсынұлының араб әліпбиі негізінде түзілген қаріп түрімен сөйледі. А.Байтұрсынұлының«Төте жазу» деп аталатын бұл әліпбиі 1929 жылға дейін қолданылып келді. Сол кездегі солшыл саясаттың әсерінен бұл қаріп түрі «Дінді уағыздаушылық», «Түзетулерді қажет ететін қате әліпби» деген жалаң желеулермен бұл қаріп түрі қолданыстан алынып тасталды. Одан кейін 1929-1940 жылдар аралығында қазақ халқы латын графикасына негізделген қаріп түрін пайдаланды. Халық енді көзін үйретіп, қалыптасудың жаңа белестеріне көтеріліп жатқанда бұл қаріпті де түрлі жеңіл желеулермен қолданыстан алып тастады. 1940 жылдан бастап біз қазірге дейін қолданып жүрген кирилл қаріптеріне көшу процесі басталды. Сол замандағы білгір лингвист ғалымдардың арқасында осынау кирилл әліпбиіне қазақтың төл дыбыстары қосылып халық арасына тез-ақ таралып кетті. Міне содан бастап қазіргі күнге дейін біз жаттыққан кирилл әліпбиі қанатын кең сермеп келген еді.

Ұстазым филология ғылымдарының кандидаты, доцент Света Саменова өз естеліктерінде студент болып жүрген кезеңдерінде қазақ тілінің аясы тым тар болғанын, қазақ топтарының саны некен-саяқ болғанын, қазақша оқитын балаларды менсінбеушілік, көзге ілмеушілік көзқарастардың өте көп болғандығын айтып, қазіргі тәуелсіз күнімізге тәубе айтуымыз керек әрі осы асыл құндылығымыздың қадірін одан әрі арттыру, қазақ тілінің қолданылу аясын одан әрі кеңейту біздің, тіл мамандарының бірден-бір парызы екендігін жиі есімізге салып отырады. Ия, осы күнімізге шүкір ете отырып, осынау тәуелсіздігімізді алып берген арда бабаларымызға маңдайым жерге тигенше иіле отырып алғыс айтар едім. Тәуелсіздік алып, етек-жеңімізді толық жинағалы қазақ үшін толғағы мол мәселелердің бірі латын қарпіне көшу жұмысы болды. Әрине, тілге қатысты, оның ішінде әліпбиге қатысты мәселе асығыстыққа салынуға болмайтын үлкен мәселе еді. Осы орайда 15 одақтас мемлекеттердің ішінде бірден латын қарпіне көшіп кеткен мемлекеттер асығыстыққа салынып жасалған латын қаріптерінің кесірінен өзіндік төл дыбыстарынан айырылуына, жастардың қате сөйлеуіне әкеліп соқтырды. Жуырда Елбасы бастамасымен латын әліпбиіне көшу мәселесі бір жақты етілді. 2025 жылға таман Қазақстан түпкілікті латын қарпіне көшуге міндеттелді. Осы орайда латын қарпінің көптеген үлгілері ұсынылды, қате тұстары жөнделініп жатыр. Латын қарпі негізінде халық арасында диктант алынды. Сараптама нәтижесіне сүйенсек, диктант барысында жастар арасында ешқандай қиыншылық кездеспеген. Соңғы ұсынылған әліпби үлгісінде кирилдағы 42 әріп 32-ге қысқарған. Енді мектепалды даярлық сыныптары 2020 жылдан бастап латын әріптерімен жазатын болады. Оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар 2024 жылға дейін толық латын әрпіне көшіріледі. «Латын әрпіне көшсек емле ережелерін өзгерту қиынға соқтырады. Ол кезде бүкіл емлелік ережелерді қайта құрастыру керек» деген жүгі ауыр пікірлерге де тосқауыл қойылды. Соңғы өзгерістерге сәйкес лингвистикадағы 10-15 қана ереже өзгертіледі, қалған емле ережелері сол күйінде сақталатын болды. Әрине, бұл орайда лингвистердің атқарар жұмысы орасан зор-ақ.

Енді мен түрлі іс-қағаздармен айналысу барысында байқаған ең үлкен мәселе бұл ҚР-сы тұрғындарының жеке куәліктерінде аты-жөндерінің дұрыс жазылмауы. Адамның аты-жөні жеке төл құжатында қалай жазылса, солай қолданылатыны сіз бен бізге жақсы мәлім. Менің байқағаным, халық арасындағы бір ғана мысал ретінде «Еділ» атты ер адам есімінің «Едыл», «Едил», «Едиль» сынды түрлі орфографиялық қателіктермен жазылуы және қолданыста жүргендігі. Бұндай қателіктер халық арасында миллиондап кездеседі. Негізі бұл есімнің дұрысы – «Еділ». Оның дұрыстығын қайдан білуге болады? Оны көбіне тіл мамандары ғана білетін, соңғы нұсқасы 2013 жылы шыққан «Түсіндірмелі сөздіктен табуға болады. Соңғы нұсқасы 2013 жылы шыққан бұл сөздік негізгі нормативтік құжат ретінде жұмыс жасайды. Латын әліпбиіне көшу барысында сіздерге де қате қолданылып жүрген аты-жөндеріңізді азан шақырып қойған дұрыс аты-жөндеріңізге ауыстырып алуларыңызға үлкен мүмкіндік туып отыр. Бұл жұмыстарда «Халыққа қызмет көрсету орталығы» мамандарының сауатты болуы шарт.

Тілім – менің айбынымның жаршысы. Қазақ тілі менің өмірімнің негізгі өзегі сынды. Ендеше, осынау арда тілімнің абыройын менде биікке асқақтататын боламын. Латын әріптерімен бүкіл әлемге қазақша тіл қатайық!

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН,**
**Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің 3-курс студенті**

ТЕАТР

# ҚУЫРШАҚТАР ХАНШАЙЫМЫ



... Көңілді музыкадан соң сахна шымылдығы жайымен сырғып ашылды. Сол сәтте іңгәлаған жас сәбидің даусы естіліп, дүниеге жас нәрестенің келгенін аңғартты. Жүректері жарыла жаздап қуанған ата-ана кезекпен бесік тербетіп, гүлдей әсем, күн нұрындай жан жылуын аямай себетін жан болсын деп нәрестеге «Гүлнұр» деген есім береді.

Енді бір сәт сахнадағы қызылды-жасылды гүл, көкорай шалғынмен көмкерілген далада көбелек қуып, құстардың сызылта сайраған әсем даусына құлақ түріп ән салып, гүл терген кекіл шашы желбіреген кішкентай қуыршақ қызды көреміз. Сүйкімді қуыршақ біртіндеп есейіп, бойжеткенге, мұнан соң орта жастағы актрисаға айналды. Бұл – жылдар есейткенімен, мәңгі жас өнердің иесі атанып, қуыршақтар ханшайымына айналған, сәуірдің сәулелі күнінде еңселі елу жастың биігіне көтерілген Гүлнұр Асылбекованың өмірі, өнерге келуі, шығармашылығы жайлы қуыршақ труппасы артистерінің әріптестері жайлы дайындаған әсерлі қойылымы. Осы қойылыммен мерейтой салтанаты басталды.

Ақсу-Аюлының тумасы Асылбекова Гүлнұр 1988 жылы Алматыдағы эстрада-цирк студиясының қуыршақ бөлімін танымал өнер майталманы П.И.Потороконың 2 жылдық шеберлік сыныбы бойынша бітіріп шығып, ашылғанына көп бола қоймаған Жезқазған облыстық қуыршақ театрына арнайы жолдамамен келеді. Он тоғыз жасар жас қыз астанадан алыстағы Жезқазған қаласындағы облыстық қуыршақ театрында еңбек жолын бастайды. 1997 жылы облыс тараған қиын-қыстау кезде де ешқайда кетпей, Серке театры құрамына труппа болып енген ұжыммен бірге қалып, еңбек жолын жалғастырады. Әлі күнге осында еңбек етіп келеді.
Жас актриса алғашқы күннен-ақ тиянақты ісімен, берілген рөлге деген терең жауапкершілік сезімімен, өз ісіне деген сүйіспеншілігімен ұжым мүшелерімен тез тіл табысып кетеді. Ұжым да жас актрисаны жатсынбай бауырына тартады. Білмегенін үйретеді. Талантты жас театрдың қалыптасу кезеңінде өнерімен ерекше танылып, талай рөлдерді сомдайды.

Гүлнұр бүгінде іздене жүріп, қуыршақ образдарын бала жанына жақын шынайы, нанымды сомдауда өз қолтанбасын қалыптастырған, сахналық тәжірибе жинақтап ысылған, кішкентай көрермендердің сүйікті актрисасына айналды. Оның кейіпкер бейнесін шынайы берудегі дауыс ырғағы, қуыршақтарды түрлі әрекет-қимылға түсіруі бір-бірімен үйлесіп шынайы шығатындығы соншалық, ол кейіпкермен бірге тұтасып кететіндей әсер қалдырады. Бір өзі бірнеше рөлдерді қатар ойнап, өз ісінің нағыз шеберіне айналды. Алғашқыда сомдаған И.Бекмаханұлының «Алдар көсесінде» – кемпір, шайтан, И. Грановскаяның «Ақылды Гүлжан туралы ертегісінде» – Гүлжан, Базарбай, Ә.Навоийдің «Фархат-Шырынында» – Шырын, Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» спектаклінде – Ақсақ кемпір, т.б. рөлдері кезінде көрерменнің көзайымына айналады.

Тәжірибелі актриса қазіргі уақытта репертуардағы барлық дерлік спектакльдерде ойнайды. Н.Осипованың «Бір жарым уысында» – қоян, түлкі, А.Толстойдың «Үш торайында» – Нуф-Нуф, Г.Исинееваның «Алтын ұлутасында» – ханшайым, Ү.Молдабергеннің «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» спектаклінде – Қарлығаш, Е.Чеповецкийдің «Кыцык-Мыцыгында» – Мысық т.б. рөлдері балалардың сүйіп көретін спектакльдерінің сүйікті кейіпкерлері.

Көп жылғы ізденісті еңбегі жеміссіз емес. Әр жылдары облыстық мәдениет басқармасы, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Құрмет грамоталары, Алғыс хаттарына ие болды. 2017 жылы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Жыл әртісі» номиациясын иеленді.

Мерейтой күні барлық мақтау мен мадақ туған күн иесіне арналды. Театр басшысы м.а. Индира Канафина Гүлнұр Асылбековаға Алғыс хат тапсырып, ақшалай сыйақы берілетінін жариялады. Кәсіподақ ұйымының төрайымы Сәбира Бегайдарова да тиісті сый-сияпатын жасады. Қуыршақ театрының іргетасын қалаушы ардагер артистер, Мәдениет қайраткерлері Галина Исинеева, Ерке Бәйдешев, ҚР еңбек сіңірген артисі Серік Бұлғақбаев, қуыршақ театрының іргетасын қалаушылардың бірі, тігінші Ольга Федосенко және т.б. әріптестері Г.Асылбекованы құттықтап, жүрекжарды тілектерін білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Гүлнұр Ғарифоллақызы қазір шығармашылық тұрғыда дер шағында. Кәсіптік жағынан бай тәжірибе жинақтап, білгенін жастарға үйретуден жалықпайтын өнерпаздың өнерге бергенінен әлі де берері мол.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі**

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІЛІК БАСТАУЫ

*Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында.*
***Н.Ә. НАЗАРБАЕВ.***

# КӨПТІЛДІ БОЛУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді қолдану мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында еліміздегі өмір сүріп жатқан халықтардың мәдениеті мен дәстүріне құрметпен қарайтын, үш тілді еркін меңгерген, көпмәдениилік тұлғаны тәрбиелеу ісіне көп мән беріледі. Бұл мемлекеттік бағдарлама аясында тілдерді үйрену ісіне ерекше көңіл бөлінуде.**



Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елімізде тіл саясаты Елбасы Н. Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда.

Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі жолдауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», – деген болатын.

«Көптілділік» термині (татар тілінде – күнтеллелек, ағылшын тілінде – multilingualism, mehrsprachigeit) орыс тілінен шыққан, қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Біздің республика көптілді болып табылады, өйткені мұнда жүзден астам халықтар және Ресейдегі 130 ұлттардың өкілдері өмір сүреді. Ал, бүкіл әлемде 3 мыңға таяу тірі тілдер бар деп саналады.

Бұл жөнінде ғалым Н.Уәлиұлы: «... Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, ақпарат, ғылым – білім саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс. Үштұғырлы тіл формуласында ең біріншi осы мәселе шешімін табуы қажет және мемлекеттік тіл жоғары деңгейде болғаны абзал. Өйткені қазақ тілі мемлекет құрушы этностың тілі, мемлекеттің бірден-бір тірегі деп күллі Қазақстан жұртшылығы мойындағандықтан, Ата Заңымызда конституциялық мәртебе алды. Сондықтан оның тағдыры жөнінде жауапкершілікті, әлемдік қауымдастықтың алдында, ең алдымен мемлекет өз мойнына алуы тиіс», – деп атап көрсетеді. Жалпы адам неғұрлым көп тілдерді білген сайын, соғұрлым мүмкіндіктері де арта түседі. Өз ана тілінен басқа бір шет тілді меңгерген адамның келесі тілдерді меңгеруі әлдеқайда жеңіл болатынын психолог ғалымдар дәлелдеген. «Қандай да болмасын бір өзге тілді білетін адамға екінші тілді меңгеру біріншіге қарағанда айтарлықтай жеңіл және тез болады. Себебі, бірінші өзге тілді меңгергенде, адамда ана тіліне қосымша үйренуші тіл сезімі қалыптасады, сонымен қатар, жалпы тіл ерекшеліктерін айыра білу қабілеті дамиды, осы қабілеттің арқасында адам тек қана үйренетін тілдің емес, жалпы тілдердің арасындағы ерекшеліктерді айыра алады».

Әрбір адам өз туған халқының, өзі өмір сүретін елдің тілін білу қажеттігі – ертеден келе жатқан қағида. Алайда, жаһандану қалыптасқан осы қағидаға түзетулер енгізуде. Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттігі туындап отыр. Бұл біздің жастарымыз үшін аса қажет.

Қорыта келгенде, «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекеттік тіл – қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады.

Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы — замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Көптілді болу – уақыт талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

**Ақгүл ОШАҒАНОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының қазақ тілі курсының оқытушысы**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің*
*2019 жылғы «30» қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген*

## «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ және БАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

***1. Жалпы ережелер***

1.Осы «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күніне орай бағытталған іс-шараларды өткізу мақсатында әзірленген.

2. Конкурсты өткізудің мақсаты мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, қазақтілді контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту болып табылады.

3. Конкурс төрт номинациядан тұрады:
1) «Үздік мақала»;
2) «Үздік телебағдарлама»;
3) «Үздік радиобағдарлама»;
4) «Үздік сайт мақаласы».

4. Конкурсқа мемлекеттік тілді дамыту, насихаттау, оның қолданыс аясын арттыру бойынша БАҚ-та материалдар жариялаған журналистер қатыса алады.

5. Алдыңғы конкурстардағы бас жүлдемен марапатталған жеңімпаздар Конкурсқа қатыстырылмайды.

***2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі***

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет) Конкурстың ұйымдастырушысы болып табылады.

7. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру 2019 жылдың I тоқсанының соңына дейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылады.

8. Конкурсқа қатысу үшін Конкурс Қағидасының 3-тармағында көрсетілген төрт номинацияның біреуі бойынша жазбаша түрде Комитетке 2019 жылғы 4 маусымға дейін мынадай құжаттармен бірге беріледі:

1) өтінім (осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

2) 2018 жылғы 11 маусым мен 2019 жылғы 3 маусым аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген екі материалды, соның ішінде радио және телебағдарламаларды, мемлекеттік тілдегі сайттардағы және мерзімдік баспасөздегі жарияланған мақалаларды;

3) мақала жарияланған газет-журналдар, сайттардың скриншоттары, бағдарламалардың DVD дискідегі жазбасы, мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары;

9. Конкурс Қағидасының 8-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінім конкурсқа қатыстырылмайды.

10. Комитетке ұсынылған құжаттар кері қайтарылмайды.

***3. Қорытынды ережелер***

11. Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды

анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандарынан, ғалымдардан, зиялы қауым өкілдерінен кемінде бес адамнан тұрады. Қазылар алқасының құрамы төрағадан және оның мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды. Қазылар алқасы мүшелері Конкурсқа қатысушылардан түскен материалдар негізінде дауыс беру арқылы Конкурстың төрт номинациясы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, қазылар алқасының барлық құрамы қол қояды. Конкурстың марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

12. Конкурс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және бекітілген сыйлық қорымен марапатталады.

13. Конкурстың жеңімпаздары туралы ақпарат Конкурс біткеннен кейінгі 10 жұмыс күн ішінде ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылады.

***010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрліктер үйі», 15-кіреберіс, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсына» деген белгімен.***

**Байланыс телефондары: 8 (7172) 74-04-97, 74-14-97**

*«Мемлекеттік тіл және БАҚ»республикалық конкурсын өткізу қағидаларына қосымша*

**«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсына қатысу үшін өтінім**

1.Т.А.Ә. ________________________________________

2.Жасы ________________________________________

3.Білімі________________________________________

4.Жұмысы________________________________________

5.Мекенжайы________________________________________

6.Байланыс телефондары____________________________

7.Мақала, бағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні:
1) ________________________________________
2) ________________________________________

8.Қосымша ақпарат ______________________________
Қолы Күні

*Приложение 3*
*к Правилам утверждения инвестиционных программ (проектов) субъекта естественной монополии, их корректировки, а также проведения анализа информации об их исполнении*

## ОТЧЕТ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ (ПРОЕКТА)* НА 2018 ГОД АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОВОДОСНАБЖЕНИЯ» г. ЖЕЗКАЗГАНА НА РЕГУЛИРУЕМЫЕ УСЛУГИ

| № | Информация о плановых и фактических объемах предоставления регулируемых услуг (товаров, работ | | | | | | отчет о прибылях и убытках | Сумма инвестиционной программы (проекта) | | | | Информация о фактических условиях и размерах финансирования инвестиционной программы (проекта), тыс. тенге | | | | Информация о сопоставлении фактических показателей исполнения инвестиционной программы (проекта) с показателями, утвержденными в инвестиционной программе (проекте | | | | | | | | Разъяснение причин отклонения достигнутых фактических показателей от показателей в утвержденной инвестиционной программе (проекте) | Оценка повышения качества и надежности предоставляемых регулируемых услуг (товаров, работ) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Наименование регулируемых услуг (товаров, работ) и обслуживаемая территория | Наименование мероприятий | Единица измерения | Количество в натуральных показателях | | Период предоставления услуги в рамках инвестиционной программы (проекта) | | план | факт | отклонение | причины отклонения | собственные средства | | Заемные средства | Бюджетные средства | Улучшение производственных показателей, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы | | Снижение износа (физического) основных фондов (активов), %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта) | | Снижение потерь, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта) | | Снижение аварийности, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта) | | | |
| | | | | план | факт | | | | | | | амортизация | прибыль | | | факт прошлого года | факт текущего года | факт прошлого года | факт текущего года | план | факт | факт прошлого года | факт текущего года | | |
| *1* | *2* | *3* | *4* | *5* | *6* | *7* | *8* | *9* | *10* | *11* | *12* | *13* | *14* | *15* | *16* | *17* | *18* | *19* | *20* | *21* | *22* | *23* | *24* | *25* | *26* |
| 1. | услуги по передаче и распределению тепловой энергии, г.Жезказган | Капитальный ремонт тепломагистрали | п.м | 6975 п.м. | 8503 п.м. | 2018 | | 431.106 | 389.884 | 41.222 | экономия по результатам проведения конкурсных процедур | 178.331 | 211.553 | 0 | 0 | | | | | | | | | направление экономии,полученной по результатам конкурсных процедур, на восстановление и прибретение новых ОС | отсутствие аварийности,качественное прохождение отопительного сезона 2018-2019 гг. |
| | | **ИТОГО** | **тыс.Гкал** | **630,814** | **692,165** | | | **431.106** | **389.884** | **41.222** | | **178.331** | **211.553** | **0** | **0** | | | | | | 1,50% | | | | |
| 2. | услуги по подаче воды по распределительным сетям, г.Жезказган | Капитальный ремонт хозпитьевого водопровода | п.м. | 6270 п.м. | 6270 п.м. | 2018 | | 644.053 | 353.176 | 290.877 | экономия по результатам проведения конкурсных процедур | 169.034 | 184.142 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | направление экономии,полученной по результатам конкурсных процедур, на восстановление и прибретение новых ОС | рост объемов добычи из подземных источников,снижение потерь |
| | | Приобретение оборудования и ОС | шт | | | 2018 | | 0 | 283.390 | -283.390 | | | 283.390 | 0 | 0 | | | | | | | | | | |
| | | **ИТОГО** | **тыс м³** | **16.428** | **15.919** | | | **644.053** | **636.566** | **7.487** | | **169.034** | **467.532** | **0** | **0** | | | | | | 0,94% | | | | |
| 3 | услуги по отводу и очистке сточных вод, г.Жезказган | Замена напорного коллектора от главной хозфекальной насосной станции | п.м | 2160 п.м. | 2160 п.м. | 2018 | | 59.770 | 45.423 | 14.347 | экономия по результатам проведения конкурсных процедур | 37.169 | 8.254 | 0 | 0 | | | | | | | | | | отсутствие аварийности, качественное оказание услуг (восстановление) основных средств |
| | | Приобретение оборудования и ОС | шт | 11 | 14 | 2018 | | 115.191,5 | 122.762,1 | -7.570,6 | | | 122.762 | | | | | | | | | | | | |
| | | **ИТОГО** | **тыс м³** | **18.876** | **17.666** | | | **174.962** | **168.186** | **6.776** | | **37.169** | **131.017** | **0** | **0** | | | | | | | | | | |
| 4. | услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая-непитьевая вода), г.Жезказган | Капитальный ремонт-водопровода | п.м | 800 | 800 | 2018 | | 23.266,1 | 14.886,7 | 8.379,4 | экономия по результатам проведения конкурсных процедур | 12.776,0 | 2.110,7 | 0 | 0 | | | | | | | | | направление экономии,полученной по результатам конкурсных процедур,на восстановление и приобретение новых ОС | отсутствие аварийности, качественное оказание услуг |
| | | **ИТОГО** | **тыс м³** | **3.116** | **1.745** | | | **23.266** | **14.887** | **8.379** | | **12.776** | **2.111** | 0 | 0 | | | | | | | | | | |

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті Гүлзада Нұралықызы Жұмашева!**



*Сізді көктемнің көрікті мерекесімен тұспа-тұс келген мерейтойыңызбен құттықтаймын. Теректідей киелі мекендегі жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, болашағына бағыт сілтер қара шаңырағы, алтын ұясы мектебіндегі еңбегіңіз жемісті болсын! Өзіңіз басшылық етіп отырған мектептен түлек ұшқан шәкірттеріңіз биік асуларды бағындырсын, елімізге білімі мен таланты арқылы танылсын, ұстаздарының еңбегін ақтасын, алысқа талпындырған алтын ұясын есінде сақтасын!*

*Отбасыңызға құт-береке, баянды бақыт, толағай табыс тілеймін!*

**Құрметпен: Ақпарат саласының үздігі, Qazir интернет порталының бас редакторы Базаргүл Үмбетова**



**Құрметті Гүлзада Нұралықызы Жұмашева!**

*Сіздің 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз.*

**Ізгі ниетпен: Байғали-Ләззат, Еркін-Алтыншаш, Бекзат-Ботакөз, Қоблан-Гүлжан**

# ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН

**№6 Теректі орта мектебінің ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 74 жылдығына арналған салтанатты шараға ауыл тұрғындары белсене қатысты. Сонымен қатар, Теректіде туып, қазір еліміздің түпкір-түпкірінде еңбек етіп жүрген азаматтардың да ат терлетіп жеткені қуантты.**



«Фашистік Германия әскерінің тізе бүгіп, Жеңіс туының желбіреуі үшін көп қан төгіліп, жан қиылды. Тылдағы еңбеккерлердің маңдайынан тер, көзінен ащы жас ағып, ерен еңбекпен жеңісті жақындатқаны тағы бар. Сол зұлмат жылдары ата-бабаның көрсеткен ерлігі бүгінгі және келер ұрпаққа үлгі болары хақ», – деп мерекелік шараның шымылдығын өз құттықтауымен ашқан Талап орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғани Байжабақ енді адамзат оқтың дауысын естімесе деген тілегін жеткізді.

Жиында сөз алған ауыл ақсақалы, ардагер ұстаз Жамантай Махмұтов «Ер есімі – ел есінде» атты кітабына арқау болған теректілік майдангерлердің өмірінен сыр шертіп, сұрапыл соғыс жылдары жылнамасынан терең әңгіме қозғады. Жас ұрпақ аға ұрпақтың ерлік жолын ұмытпай, дәріптеуі қажет екеніне назар аудартты. Келесі болып сөз тізгінін алған тыл ардагері Үмітжан Смағұлова сол жылдары елде қалған бала-шаға мен әйелдердің, еңкейген қариялардың еңбекке араласқанын тілге тиек етіп, ауыр кезеңді жиналғандардың көз алдына әкелді.

Туған жерге Елордадан асыға жеткен журналист-қаламгер Базаркүл Сейітжанқызы да:

– Жылдар жылжыған сайын арамызда ардагерлер қатары азайып бара жатыр. Соғыс өрті тұтанғанда шағын Теректі ауылынан 37 азамат Отанды жаудан қорғауға аттанса, олардың қатарында жат елдің топырағын жастанып қыршын кеткен ағалар да бар. Майдан даласынан аман оралып, ұрпағын жалғастырып, абыройлы еңбек еткен әкелеріміз де бүгін арамызда жоқ. Дегенмен, олардың есімдері дәйім біздің жадымызда жаңғырып, ерен ерлігі жүрегімізде сақталады, – деп ауылдастарына ақ тілектерін ақтарды.

Мектеп өнерпаздары жиналғандардың назарын мерекелік концертпен аулап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлай білді. Соғыс жылдарындағы әндерді әуелете шырқаған оқушылар отты жорық жылдарын еске салатын өлеңдерді оқығанда көпшіліктің жанарына жас толды. Күй тартып, би билегендер де ұмытылмас әсер сыйлағанын айта өткен жөн болар.

Мерекелік шараны жоғары деңгейде ұйымдастырған Қарлығаш Нәбиқызы мен домбыра үйірмесінің жетекшісі Арайлым Есілбаеваға Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдіхамит Қожақовтың ұлы Мұрат сый-сияпат жасады.

Аталған тағылымы мол шараның дәстүрлі түрде жыл сайын өткізуге мұрындық болған ауыл жанашыры, Жезқазған қаласы әкімінің «Жомарт жүрек» номинация иегері Бекзат Үмбетовке жерлестері ризашылықтарын білдірді.

Шара соңында соғыс ардагері Сейітжан ата ұрпақтары Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке гүлшоқтарын қойып, Отан үшін отқа түскен жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

**Бота ШАЛҚАР**

## *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

***1974 жыл***

• 12 мамырда Қазақ КСР Министрлігі Кеңесінің №269 Қаулысымен Жезқазған облыстық филармониясы құрылды. Тұңғыш директоры – елімізге әйгілі режиссер Серік Елеусізов.

• 22 шілдеде Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №255 шешімімен қалалық №1 ауруханада 60 орынды жұқпалы ауруларды емдейтін стационары ашылды.

• 8 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №375/14 шешімімен Жезқазған қаласында №2 мектеп-интернатта қазақ сыныптары ашылды.

• 13 қыркүйекте Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің шешімімен Социалистік Еңбек Ері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, техника ғылымдарының кандидаты Қ.И. Сәтбаев атындағы кен-металлургиялық комбинатының директоры В.В. Гурбаға Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

• 13 қыркүйекте Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің шешімімен Жезқазған қаласында сырттай оқу орта мектебі ашылды.

• 27 қыркүйекте Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің шешімімен «Автомобилист» бау-бақша серіктестігінің жарғысы бекітілді.

• 13 қарашада Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №510/19 шешімімен Жезқазған қаласында кәсіптік-техникалық білім басқармасының облыстық мәдениет үйі ашылды.

• 29 қарашадан бастап «Орбита» кинотеатры жұмыс істей бастады.

• Қарашада социалистік жарыстағы жетістіктері үшін Жезқазған қаласында Қаз КСР Министрлер Кеңесі мен республикалық кәсіподақтар Кеңесінің Ауыспалы Қызыл Туы берілді.

• 26 желтоқсанда «Ұлытау» ансамблінің құрылғанына 1 жыл толды. Дәл осы күні оған Қазақ ССР Мәдениет министрлігі коллегиясының шешімі бойынша «Музыкалық-хореографиялық халық ансамблі» атағы берілді.

• Мыс зауытында қуаты 28 МВт екінші рудотермикалық пеш іске қосылды.

• Қала тұрғындарының саны 68,5 мыңнан асты.

• Жезқазған қаласындағы құрылысшылардың Мәдениет сарайында тұңғыш рет республикалық көшпелі көрме ашылды. Көрмеге Орта Азия туысқан республикалары мен Прибалтиканың, РСФСР мен Украинаның белгілі суретшілері қатысты.

• «Ұлытау» ансамблі шақыртумен ГДР-ге барып, осы елдің 25 жылдық мерекесіне арналған ән думанына қатысып қайтты.

• Металлургтердің Мәдениет сарайы жанынан «Жезқазған жұмысшысы» атты үгіт бригадасы ұйымдастырылды.

• «Жезқазған-Ташкент-Магнитогорск» арасын жалғастыратын әуе жолы ашылды.

• Жезқазғаннан Сочи арасында 769-шы жаңа рейс ашылды.

• «Жезқазған-Қаражал-Жаңаарқа» маршруты бойынша бірінші рет «АН-24» ұшағы ұша бастады.

• Медицина қызметкерлерінің облыстық бірінші съезі ашылды.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

## БІЛІМ және ТӘРБИЕ

# ҮЗДІК ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

**Жезқазған бизнес және көлік колледжінің ұйымдастыруымен үздік құрастырушылар сайысы өтті. Шығармашылық сайысқа әлеуметтік серіктестер және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ұстаздар мен студенттер қауымы белсенді қатысты.**




Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Халықтың тарихи естелігі – ғасырлар бойы мәдени мұра болып саналатын, адамзат өркениетінің мәдени топтарын, халықтың, ұлттың, этностың өзін сақтап қалудың негізі болып қалу факторы. Қазіргі компьютерлік технологиялар, жаһандық үдерістер ғасырындағы жағдайда мәдени мұраны сақтау – әр азаматтың парызы. Алдымен жиналған көпшілікті Бизнес және көлік колледжінің директоры Светлана Жумкина, қалалық жастар ресурстық орталығы өкілі, «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Абай Бағчай, басқа да қонақтар жылы лебіздерін білдіріп, сайыскерлерге сәттілік тіледі.

Үздік құрастырушылар зияткерлік сайысында 17 топ бақ сынады. Сайыс ережесі бойынша үш бағытта жұмыс жасауға алдын-ала тапсырма берілген болатын. Олар: «Мәдени мұра», «Көлік кешені», «Арнайы дайындық» бағыттары.

Үміткерлерге арнайы жасақталған қазылар баға берді. Осыдан кейін шебер құрастырушылар ортада 3 минут ішінде өз туындыларын жан-жақты түсіндіріп, қорғап шықты. Қазылар жобаның шығармашылық көзқарас элементтеріне, ерекшелігіне, жобаны ұсынуына және эстетикалық дизайн, безендіруіне баса мән берді. Осы талаптарды мүдірмей орындаған топ жеңіс тұғырынан көріне білді. Сонымен бас жүлде «ОПУ-201» тобына «Железнодорожная станция» моделінің жетекшісі Анар Берлібековаға бұйырды. Жүлделі І орынды «АиУ-201» тобы, «Электризация кабинеті» жетекшісі Гүлнәр Мусина, ал жүлделі ІІ орын «АиУ-301» тобы «Робот. МАКРОБОТ» жетекшісі Гүлнәр Мусина, ІІІ орынды «АиУ-101 тобы» «Заманауи киіз үй» моделінің жетекшісі Нұргүл Омарова иеленді. Басқа да сайысқа қатысушыларға арнайы номинациялар берілді. Кеш барысында әсем ән шырқалып, күмбірлеген күй төгілді.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**

# «КЕНДІ ӨЛКЕМ, ӘНДІ ӨЛКЕМ – ЖЕЗҚАЗҒАН»

***атты әдеби кеші қала мерейтойына арналды***

**№21 орта мектепте Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.**

Мысты қаланың мерейтойы қарсаңында қалада 65 игі шара өткізу жоспарланған. Басқа білім ошақтары секілді №21 орта мектеп ұстаздары мен оқушылары да туған қаласына ерекше сыйлық тарту етуді жөн санаған. «Кенді өлкем, әнді өлкем – Жезқазған» атты концертке қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов, мектеп басшылары мен ұстаздары, ата-аналар, түлектер қатысты.

Іс-шара мысты қаланың 65 жылдық мерейтойына арналған көрмемен басталды. Мектеп оқушылары күнделікті пайдаланылатын қағаз, гипс, картон, асүйдегі бұршақ, күріш сынды дақылдардан қаланың сәнін келтіріп тұрған ескерткіштердің мүсіндерін, картиналарын жасаған. Қонақтар келесі кезекте заманауи үлгідегі тіл түзету, релаксация, интеллектум кабинеттерін тамашалады. Экскурсия мерекелік концертпен жалғасты. Мерейтойлық шараны қала тарихынан сыр шерткен оқушылар бастады. 1954 жылы алғашқы кірпіші қаланған қалашықтың 3000-ға жетер жетпес тұрғыны болған. Ал қазір 65 жасқа келген шаһар тамыры тереңге жайылған мәуелі ағашқа айналды. Қазір Жезқазғаннан шығатын мыс рудасын барлық әлем таниды.

Жезқазған – түрлі ұлттардың шоғырланған өлкесі. Қазақ, орыс, украин, өзбек, қырғыз – барлығы бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүруде. Білім алушылар да түрлі ұлттың биін билеп, мәдениетін таныстырғанда осыны ұғындырды. Сондай-ақ, мектеп сахнасында «Елім менің», «Туған жер», «Жезқазған маршы», «Сарыарқа» сынды әндер шырқалды Бұл күні ән де, би де туған өлкеге, өсіп-өнген қалаға арналды.

Биыл ашылғанына 50 жыл толатын білім ордасы осы уақытқа дейін талай дарынды түлектерді қанат қақтырды. Баланың тұлға болып қалыптасуына бірінші ата-анасы, одан кейін екінші үйіне айналған мектеп пен оның мұғалімдері септесетіні белгілі. Кеше ғана оқушы болып жүрген түлектер бүгінде қаланың дамуына үлестерін қосып жүрген азаматтарға айналған. «Жалынды жастар – Қазақстанның жарқын болашағы» деп аталған кештің екінші бөлігінде ортаға мектеп түлектері шықты. Олардың қатарында аймаққа танымал Бағлан Ибрагим, Арман Кенжебек, Абай Бағчай, Дамира Алтайбаева бар. Әр түрлі саланың тізгінін ұстаған түлектер бүгінде өз алдына отбасын құрған. Дегенмен, күйбең тірліктен алшақтап, балғын балалық шақты еске түсіретін мектеп қабырғасына келгенде жасап қалғаны байқалды. Түлектердің атынан сөз алған Арман Кенжебек ұстаздар қауымына алғыс айтып, мектепке арнап шығарған өлеңін оқып берді. Сонымен қатар, білім ордасына заман талабына сай «Ақылды кітапхананы» түлектер атынан тарту етті. «Заманына қарай адамы» демекші, енді №21 орта мектеп оқушылары кітапхананың табалдырығын тоздырып әуреленбей, қолда бар смартфонның көмегімен өзіне қажетті кітапты оқи алады.



Әдеби кештің соңында сөз алған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов жиналғандарды Жезқазғанның 65 жылдық мерейтойымен құттықтады. Сондай-ақ, біраз жылдан бері жөндеу жұмыстарын көрмеген мектеп көп ұзамай толық жөндеуден өтетін айтып, қуантты. Оған қоса Жеңіс Едігеұлы қаладағы барлық мектептерді музыкалық аппараттармен жабдықтау жоспарланғанын да жеткізді.

Шара соңында №21 орта мектептің директоры Ақжан Аманжолова сөз алып, концертті қорытындылады. Ол өз сөзінде мысты қаланың мерейтойы мектептің 50 жылдығына тұспа-тұс келгенін атап өтіп, ұстаздар мен оқушыларға алғыс білдірді.

Тағылымы мол шара «Болашаққа бағдаршам» атты дөңгелек үстелге ұласты. Мұнда «Мектеп – ата-ана – оқушы» сызбасы бойынша жұмыстар жүргізілді. Ұстаздар мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты жақындастыру мақсатында өткізілген отырыста әр тарап өз пікірлерін айтып, сөз жарыстырды. Сондай-ақ, әр сыныпта жобалар сайысы мен тәрбие сағаттары өткізілді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

## СПОРТ




**Қаламызда дзюдодан 2004-2005 жылы туған кіші жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Қарағанды облысының чемпионаты жалауын көтерді.**

Қарағанды, Теміртау, Қаражал, Шахтинск, Балқаш, Сәтбаев пен Жезқазған қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа, Ақтоғай, Шет, Нұра, Бұқар жырау, Қарқаралы мен Осакаров ауданынан жүзден аса кіл мықты жиналды. Чемпионаттың ашылу салтанатында сөз алған қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері Дастан Айтуаров:

– Дзюдо – спортшыдан күшпен қатар шыдамдылықты талап етеді. Тәуелсіздік алған күннен бастап еліміз халықаралық, құрлықаралық біріншіліктерге, әлем чемпионаттарына, Олимпиада және Азия ойындарына өзіміздің жеке құрамаларды шығаруға мүмкіндік алды. Отандық татами шеберлерінің күні бүгінге дейін жеткен жетістіктері аз емес. Ел намысын халықаралық аренада асқақтатқандардың бірі – қарағандылық Максим Раков. Ол 2009 жылы осыған дейін ешкім жетпеген жетістікке қол жеткізеді. Атап айтқанда, спортшы 23 жасында ересектер арасындағы әлем чемпионатында алтыннан алқа тағынды. Сол әлем біріншілігінде жалпы командалық есепте Корея мен Ресейден кейін 3-ші орынға ие болған қазақстандық құрама командасын бүкіл әлем мойындады, – деп қатысушылардың тартысты ойын көрсететініне сенім білдірді. Чемпионат барысында төрелік еткен Хасен Сакеев те жас спортшыларға ағалық кеңесін беріп, сәттілік тіледі.

Екі күнге созылған байрақты бәсекеде боз кілемнің мықтылары намысты қолдан бермеуге тырысып, жанкүйер көңілінен шыға белдесті. Дегенмен, біреуінің жеңіске деген ұмтылысы мен ептілігі басым түсіп, жеңіс тұғырынан көрініп жатты. Жүлдегер атанған спортшылардың арасында жезқазғандықтардың да табылғаны қуантты. 50 келі салмақ дәрежесінде белдескен Жалғас Сәрсембай пен 79 келідегі Ербұлан Елшібек қала абыройын асқақтата түсті. Айта кету керек, Жалғас енді Қарағанды облысының құрама командасы құрамында маусым айында Қызылорда қаласында өтетін Қазақстан Республикасы чемпионатында өнер көрсететін болады. Ендеше, жас дзюдошыларды жеңісімен құттықтап, республика чемпионы атануға тілектестік білдіреміз.

**Бота ШАЛҚАР**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# «БАЛДЫРҒАНДЫҚ» БҮЛДІРШІНДЕР ЖЕҢІСІ

**№14 «Балдырған» бөбекжайының тәрбиеленушілері Алматы қаласында өткен республикалық «Бірлігі жарасқан, Мәңгілік ел Қазақстан!» атты байқауға қатысты.**



Байқауды өткізудегі мақсат – ел тірегі, ертеңіміздің кепілі болған жас ұрпақты өнер мен білімге баули отырып, олардың бойында ынтымақтастық, достық қасиеттерін қалыптастыру, сондай-ақ, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға атсалысатын тәрбиеленушілерді үлгі ету және олардың шығармашылық қабілетін шыңдай түсу еді.

«Сән үлгісі» номинациясы бойынша «Алтын адам» тұлғасындағы тарихи костюмнің иегері Жанерке Ходжамұрат бас жүлдені жеңіп алды. «Батыр адам» тұлғасын жасаған Жанибек Абдрахимов жүлделі І орынды қанжығасына байлап, мерейімізді асырды.

Ал, «Көркем сөз» номинациясына қатысып, өлең оқу мәнерімен даралланған Айлин Түсіп, Раяна Мұрат, Қайсар Есен және Ерсұлтан Қалдыбек есімді тәрбиеленушілеріміз І орынды иеленді.

«Хореография» номинациясында мың бұрала билеген Сымбат Саматова, Асылым Бақытбек, Айлин Түсіп, Іңкәр Масхұтхан, Раяна Сәбит, Раяна Мұрат, Адина Шалқарбек, Адия Байгазиева, Іңкәр Амангелді, Еркеназ Ермек және Аружан Серіктің бағы мен бабы қатар шауып, жүлделі І орынды иеленді.

Бұл балғындардың алғашқы жеңісі емес. Қаланың қоғамдық-мәдени өміріне белсене қатысатын балабақша тәрбиешілері Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған аймақтық «Күміс қоңырау» байқауында да күміс жүлдегер атанған еді. Сонымен қатар, күні кеше ғана Сәтбаев қаласында өткен халықаралық «Жас қанат Жастар» фестиваль-конкурсында да үш бірдей І орынды жеңіп, қала абыройын асқақтатты.

Әр баланың бал-бұл жайнаған қуанышты жүзінен, лүпілдеп соққан кішкентай жүрегінен ештеңе жасыру мүмкін емес. Әрқайсысы көк аспандағы жарқыраған бір-бір жұлдыз дерсің. Оларды әлпештеп өсіріп, өнегелі тәрбие бере білген ата-әже мен ата-аналарына ризашылық білдіреміз.

Айгүл Дүйсенбайқызы бастаған балабақша ұжымы өскелең ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беріп қана қоймай, талай таланттың көзін ашатыны сөзсіз. Осы істе «балдырғандық» ұжымға жеңісті күндер мен жетістіктер тілейміз.

**Светлана ҚҰНДЫЗБАЙҚЫЗЫ, №14 «Балдырған» бөбекжайы әдіскері.**